



АБАЙТАНУ ӘЛЕМІНДЕ ЖАҢАЛЫҚ КӨП

3-БЕТ



ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН!

9-БЕТ



№6

Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді
қалай тексеруге болады?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.



МЕГАПОЛИС



ГҮЛДЕН КІЛЕМ ТӨСЕЛГЕН

Биылғы жазда Алматы бұрынғысынан да көркейе түсті. Себебі, қала көшелері алқызыл түкті кілемдер төсеп тастағандай құлпырып кеткен. Көз қуантады. Жанға жайлылық сыйлайды. Шетелден ағылатын туристер алдында да мақтаныш бұл.

Ару Алматыны «гүл-қалаға» айналдыру бағытындағы көгалдандыру жұмыстары, иә, жылдағыдан қарқын алған. Биыл шаһардағы сәндік гүлдермен безендірілген аумақтың жалпы көлемі 410 мың шаршы метрден асты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 77% көп. Нақтырақ айтсақ, біржылдық гүлдердің саны 2,7 миллионнан 4,3 миллионға, ал раушан 125 мыңнан 580 мыңға дейін көбейді.

Ең ауқымды гүлмен безендірілген аумақтар: Есентай өзенінің жағалауы – 20 мың шаршы метр, Сайран су қоймасының жағалауы – 15 мың шаршы метр, ал Halyk Агепа маңы 7 мың шаршы метрден асады.

Аптап ыстықта жасыл желекті сақтауға ерекше көңіл бөлінеді. Суару жұмыстары негізінен кешкі және түнгі уақытта жүргізіледі. Күн сайын қала көшелеріне 140-тан астам арнайы техника мен 400-ден аса жұмысшы шығады. Қарапайым еңбек адамдарының қол еңбегінің арқасында Алматының гүлзарлары жайқала өсіп тұр.

Қалалық гүлзарларды безендіру кезінде олардың әдемілігі ғана емес, Алматының климаттық жағдайына бейімделген өсімдіктерді таңдау да маңызды. Сондықтан мамандар өсімдіктердің гүлдеу кезеңін, ыстыққа төзімділігін, күтім ерекшеліктерін және бір-бірімен үйлесімділігін ескереді.

Шаһарда отырғызылған негізгі гүл түрлері – петунья, тагетес (барқытгүл), бегония, сальвия, цинерария, агератум, газания, канна, катарантус және басқа да біржылдық сәндік гүлдер. Бұл гүлдер орталық көшелердің бойына, саябақтар мен скверлерге, гүлзарлар мен айналма жолдарға, әкімшілік ғимараттардың маңына, субұрқақтар айналасына отырғызылған.

Алматының көгалдандыру бағдарламасының басты мақсаты – қаланың эстетикалық келбетін айшықтау, ауа сапасын арттыру, жаз мезгілінде қаланың микроклиматын жақсарту, тұрғындар мен туристер үшін жайлы қоғамдық кеңістік қалыптастыру.

Сонымен қатар, қалада тік көгалдандыру дамып, біржылдық және көпжылдық гүлдер, гүлдейтін бұталар мен сәндік элементтер кеңінен қолданылуда. Мәселен, «Таулы қырат» шағынауданындағы Есентай өзенінің жағалауындағы гүлден жасал-

ған тауыстың көпшіліктің көзайымына айналғанына көп бола қойған жоқ. Есо Almaty мамандарының мәліметінше, биіктігі 2,5 метр болатын көлемді топиарлық «Тауыс» композициясы серуендеу аймағы бойымен 30 метрге созылған. Тауыстың гүлден жасалған қауырсындары целозия, петунья, цинерария және альтернантера гүлдерінен құрастырылған.

«Тауыс» сұлулықтың, әсемдік пен табиғаттың алуан түрлілігінің символы ретінде жасалған. Авторлық композиция қоғамдық кеңістікпен үйлесім тауып, Есентай жағалауындағы көпшілік суретке түсетін танымал орындардың біріне айналған бүгінде.

Осы секілді гүл композициялары «Шұғыла» шағынауданында, «Алатау» шипажайы маңында, Сәбденов көшесінде және Абай даңғылында да көрініс тапқан.

Жалпы, кез келген гүл адамға жайлылық сыйлап, жан-дүниеге жылулық ұялатады, айналаға нәзіктік пен көркемдік дарытады. Оның әрбір күлтесі тыныштық пен үйлесімнің белгісіндей болып, қаланың да, адамның да көңіл күйін көтереді. Оның бетіне қонақтайтын көбелектердің өзі – бір әлем. Алматының гүлге оранған көшелері мен саябақтары осы сұлулықтың айқын көрінісі ретінде қалаға ерекше ажар беріп, оны мейірім мен әсемдік мекеніне айналдыруда.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.
(Жалғасы 6-бетте).

Мемлекеттің беріктігі тек саяси институттардың қызметімен ғана емес, қоғам мен билік арасындағы сенім деңгейімен де өлшенеді. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы осы қағиданы жаңа мазмұнмен толықтырды. Ата Заңда жаңа заң шығарушы орган – Құрылтайға конституциялық мәртебе берілді. Бұл еліміздің саяси жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадамдардың бірі болды. Мұндай өзгеріс қоғамдық диалогтың институционалды негізін күшейтіп, халықтың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған.

Халық билігінің тетігі

Саясаттануда тұрақты мемлекет ұғымы азаматтардың саяси қатысу деңгейі, қоғамдық келісімнің беріктігі және билік институттарының легитимдігі арқылы қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, Конституциядағы Құрылтай институты демократиялы басқарудың жаңа сапалық кезеңін білдіретін маңызды саяси шешім болды.

Құрылтайдың мемлекеттік билік жүйесіндегі орнының нақты айқындалуы Конституцияның негізгі жаңалықтарының бірі болып саналады. Ата Заңның 4-бабына сәйкес, Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі болып табылады. Халық өз билігін еркін сайлау мен республикалық референдум арқылы тікелей жүзеге асырады. Сонымен бірге, халық пен мемлекет атынан әрекет ету құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне және Конституцияда белгіленген өкілеттік шегінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына тиесілі екені бекітілген. Бұл норма Құрылтайдың заң шығарушы орган ғана емес, конституциялық жүйенің маңызды институтына айналғанын көрсетеді.

Мұндай құқықтық шешімнің саяси мәні зор. Өйткені, қазіргі заманғы демократиялы мемлекеттерде қоғамдық келісімді сақтау тек мемлекеттік аппарат-



тың міндеті емес. Ол үшін қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының пікірін жинақтап, ортақ ұстаным қалыптастыратын өкілді институттардың болуы аса маңызды. Құрылтай дәл осындай қызмет атқаратын конституциялық механизм ретінде орнығып отыр.

Сонымен қатар, Конституцияның 3-бабында мемлекеттің қызметінің негізін құрайтын қағидаттардың қатарында қоғамдық диалогты дамыту, жалпыұлттық бірлікті нығайту, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, жауапты отаншылдықты қалыптастыру сияқты басымдықтардың белгіленуі Құрылтай қызметінің де саяси мазмұнын айқындай түседі.

Өкілді жауапкершілік

Саясаттану тұрғысынан алғанда, Құрылтай мүшесі белгілі бір әлеуметтік топтың ғана емес, тұтас қоғамның мүддесін ескеруге міндетті. Оның басты миссиясы – пікір қайшылығын ушықтыру емес, әртүрлі көзқарастарды тоғыстырып, қоғамдық келісімге негіз болатын ортақ ұстаным қалыптастыру. Сондықтан Құрылтай ең алдымен өкілді жауапкершілік институты ретінде бағаланады.

Өкілді жауапкершіліктің мәні – қоғам сенімін ақтай отырып, қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен қоғамдық қолдауын қатар қамтамасыз ету. Бұл тұрғыдан Құрылтай мүшесі тек ұсыныс білді-

руші немесе пікір айтушы емес, әртүрлі қоғамдық мүдделердің арасынан ортақ мәміле табуға ұмтылатын саяси өкіл ретінде әрекет етеді. Мұндай ұстаным қабылданатын шешімдердің өміршеңдігін арттырып, олардың қоғам тарапынан қолдау табуына мүмкіндік береді.

2026 жылғы Конституцияның рухы да осы қағидаттарға негізделген. Ата Заңда қоғамдық диалогты дамыту, жалпыұлттық бірлікті нығайту және заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету мемлекеттің қызметінің негіз қалаушы қағидаттары ретінде белгіленген. Осы мақсаттарға қол жеткізуде Құрылтай қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенім мен тұрақты диалогтың тиімді тетігіне айналуға тиіс.

Мұндай жауапкершілік Құрылтай мүшелеріне қойылатын талаптарды да айқындайды. Өкілді органның тиімділігі оның құрамының кәсібилігіне, жеке беделіне, қоғамдық тәжірибесіне және елдік мүддені жеке мүддеден жоғары қоя білуіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, Құрылтай мүшесі түрлі әлеуметтік топтардың пікірін тыңдап, оларды үйлестіре алатын саяси мәдениетке ие болуы қажет.

Әлемдегі саяси тәжірибе көрсеткендей, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуы артқан сайын мемлекеттік институттарға деген сенім де жоғарылайды. Сондықтан Құрылтайдың тиімді қызметі саяси тұрақтылықты сақтауға ғана емес, азаматтық жауапкершілікті күшейтуге, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға да ықпал етеді. Қорытындылай айтқанда, Конституцияда Құрылтайдың мәртебесінің бекітілуі Қазақстандағы саяси институттардың эволюциялық дамуының заңды жалғасы. Бұл институт қоғамдық пікірді мемлекеттік басқару жүйесіне енгізетін маңызды арна ретінде қызмет етеді. Алдағы Құрылтай сайлауы тек жаңа құрамды қалыптастыру науқаны емес, Конституцияда бекітілген қоғамдық диалог, жауапты өкілдік және жалпыұлттық бірлік қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асырудың маңызды кезеңі болмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

САЙЛАУ ҚАРСАҢЫНДА

Дайындық шараларын пысықтады

Алматыда арнайы мониторинг тобы Ақаламыздағы әлеуметтік нысандардың алдағы Құрылтайға дайындығын пысықтау мақсатында Бостандық ауданында болды. Арнайы топ осы аудандағы №93 жалпы білім беретін мектеп ғимаратына орналасқан №275, №276 сайлау учаскелеріне барып, ондағы көру, есту және тірек-қимыл аппараты бұзылған азаматтарға жасалған жағдай тексерді.

Аудан әкімі Азамат Қалдыбеков мұндай іс-шаралар қала басшылығының тапсырмасымен барлық аудандарда жүргізіліп жатқанын жеткізді: – Бостандық ауданында ең көп сайлау учаске-

лері орналасқан. Мәселен, аудандағы 108 сайлау учаскесі алдағы саяси науқанға сақдай сай. Осы сайлау учаскелерінің 19-ы жабық, 89-ы ашық. Біз қазір осы нысандардың қолжетімділігін тексеруді бастадық. Өйткені, ауданда 7300-ден астам мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады. Ол кісілер де өз таңдауын жасап, дауыс беру үшін толық жағдай жасалуы тиіс. Сондықтан барлық әлеуметтік нысандар тексеріледі. Барлық ашық сайлау учаскелерінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың дауыс беруіне қажетті жағдай толық қамтамасыз етілген, – дейді аудан әкімі.

Іс-шара барысында Алматы қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Богдан Джекпа әкімшілікпен тығыз байланыса отырып, өткен Референдумда 100-ге жуық әлеуметтік нысанды аралап шыққанын айтты.

– Біз басқармалармен, әкімдікпен және аудан әкімдіктерімен көп жылдан бері тығыз жұмыс істеп келеміз. Әсіресе, қоғамдық-саяси маңызы бар іс-шараларды дайындау және өткізу кезеңінде өзара үйлесімді жұмыс атқарамыз. Айталық наурыз айында өткен халықтық референдум барысында Алматы қаласы бойынша шамамен 100–120 нысанды аралап шықтық, – дейді ол.

Осындай жұмыс арқылы анықталған барлық кемшіліктер тіркеліп, жедел түрде жойылады. Қоғамдық кеңес осы арқылы әрбір азаматтың денсаулық жағдайына қарамастан кедергісіз сайлау процесіне қатысуының қамтамасыз етуді көздейді.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

НАУҚАН



Әр дауыс маңызды

Шаһардағы Nero 1, Nero 2 және Eltex секілді ірі кәсіпорындардың қызметкерлері алдағы 23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауына қолдау білдірді.

Қаланың өндірістік алаңдарында өткен кездесу барысында еңбек ұжымының өкілдері дауыс беруге қатысуға ниетті екенін айтып, белсенді азаматтық ұстанымның маңыздылығын атап өтті. Әртүрлі мамандық иелері мен түрлі буын өкілдері – инженерлер, жұмысшылар, технологтар, мамандар мен еңбек ұжымының өкілдері елдің қоғамдық-

саяси өміріне жауапкершілікпен қатысу идеясын қолдап, ортақ мақсат төңірегіне топтасты. Олардың айтуынша, Құрылтай мүшелерін сайлау – осы қоғамдық институттың өкілдік құрамын қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды кезең.

Өндіріс саласының қызметкерлері әрбір азаматтың дауысы маңызды екенін, ал сайлауға қатысу қоғамның дамуы мен азаматтық бірлікті нығайтуға қосылатын нақты үлес екенін атап өтті. Сондай-ақ, еңбек ұжымдары алматылықтарды 23 тамыз күні сайлау учаскелеріне келіп, таңдау жасауға шақырды.

Нұржамал ӘЛІШ

ТҰЛҒАТАНУ

Абайтану әлемінде жаңалық көп

Абай күні қарсаңында Алматыда ұлы ойшылдың мұрасын зерделеудің осы заманғы тәсілдері, абайтану ғылымының дамуы мен жаңа ғылыми-білім беру жобалары туралы кеңінен сөз болды.

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының өкілдері институттың қызметі, жаңа оқу пәнін енгізу мен Абай философиясын қазіргі білім беру жүйесінде тәжірибеде қолдану бағытындағы жұмыс жөнінде жан-жақты баяндап берді.

Абай ғылыми-зерттеу институтының қауымдастырылған профессоры, саясаттану ғылымдарының кандидаты Төрегелді Тұяқбай өз сөзінде ұлы ойшылдың мұрасын сақтап қана қоймай, оны өмірде тиімді пайдалану екенін атап өтті.

«Біз Абайды тану арқылы адамның өзін-өзі тереңірек тануына ықпал еткіміз келеді. Университетте алты жылдан бері «Абай ілімі» атты жаңа пәнді оқыта бастады. Абайтану көбіне ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге бағытталса, «Абай ілімі» оның философиялық ойларын қазіргі өмірде қолдануға негізделіп отыр. Сәтін салса, осы пәнді жоғары оқу орнында ғана емес, мектепте де міндетті пән ретінде енгізуді ұсынып отырмыз. Өйткені, бұған қоғам тарапынан сұраныс бар», – деді Төрегелді Тұяқбай.

Институтының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымының кандидаты Ләйла Мұсалы Абай Құнанбайұлының идеялары өзектілігін жоғалтпай, қазіргі қоғамдық және білім беру үдерісінің маңызды бөлігіне айналып отырғанын тілге тиек етті. Абайдың әділеттілік, адалдық пен адамгершілік туралы идеясы мемлекеттік идеологиялық бағыттың маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Оған дәлел, «Әділетті Қазақстан» мен «Адал азамат» сияқты ұғымдар Абайдың тұлға мен қоғам туралы философиялық көзқарасымен үндес екені байқалады.

«Абайдың өлеңдерін немесе өмірбаянындағы жекелеген деректі білу жеткіліксіз. Ең бастысы, оның шығармасының мәнін түсіну, онымен рухани сұхбат құрып, өмірлік шешім қабылдауда ақынның өсиеттерін бағдар ету. Бүгінгі абайтанудың негізгі міндетінің бірі – осы», – деп атап өтті Ләйла Мұсалы.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Қазақстанда тамыз айының екінші жексенбісі – Құрылысшылар күні. Мәртебелі мамандық иелерінің кәсіби мерекесіне орай Алматыда «Болашақты бірге саламыз!» атты салтанатты концерт өтті. Қала инфрақұрылымын дамытуға, жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне үлес қосып жүрген сала қызметкерлеріне, сәулетшілерге, инженерлер мен еңбек ардагерлеріне ерекше құрмет көрсетілді.

Мерекелік кештің басында сөз алған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов құрылыс саласы шаһар экономикасының басты қозғаушы күштерінің бірі екенін атап, құрылысшыларды мерекемен құттықтады.

«Құрылысшы – қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей үлес қосатын аса жауапты мамандық иесі. Бұл сала жоғары кәсібилікті, жауапкершілікті, еңбек тәртібін және өз ісіне адалдықты талап етеді. Сіздердің күнделікті қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесі халықтың өмір сүру сапасын арттырудан, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудан, жаңа жұмыс орындарын құрудан және азаматтардың әл-ауқатын көтеруден көрініс табады. Пайдалануға берілген әрбір нысан – тұрғындардың өмір сүру жайлылығын арттыруға, экономиканы нығайтуға және Алматының сәулеттік келбетін қалыптастыруға қосылған маңызды үлес», – деді ол.

Құрылыс индустриясы – ел экономикасының күретаымыры, іргетасы. Салтанатты жиында мегаполистің құрылыс саласындағы қол жеткізген негізгі көрсеткіштері



2020–2022 жылдары жүзеге асқан «Абай ілімін танудың, түсіну мен қолданудың ғылыми негізі мен теориялық тетіктері» атты іргелі ғылыми жоба аясында институт отандық абайтануда баламасы жоқ бірегей ғылыми-қолданбалы өнім әзірледі. Сонымен қатар, ҚазҰУ-де «Абай ілімі» атты пәнаралық оқу пәні әзірленіп, бүгінде университет студенттеріне оқытылып келеді. Бұл пән дәстүрлі абайтану курсынан өзінің тәжірибелік бағыттылығымен ерекшеленеді. Оның аясында Абайдың ақыл, қайрат, жүрек туралы тұжырымдары мен «Толық адам» концепциясы жан-жақты қарастырылған.

Тағы бір маңызды нәтиже ҚазҰУ-дің электрондық кітапханасында орналастырылған «Абайтану антологиясы» атты ашық электрондық база. Ол зерттеушілерге, оқытушылар мен Абайдың шығармашылығына қызығушылық танытқан барлық оқырманға абайтану саласындағы ғылыми еңбектерге еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді. Институт 50 томдық «Абайтану», «Таңдамалы еңбектер», 10 томдық «Абайтану антологиясын» әзірледі. Сонымен қатар, институттың ресми сайтында электрондық кітаптар, дәрістер, көрмелер мен басқа да зияткерлік ресурстар қолжетімді. Соңғы ғылыми әзірлеменің бірі – жасанды интеллект технологиясының көмегімен жасалған Абайдың дауыс жазбасы болды.

Абайтанудың алдағы дамуы іргелі ғылыми зерттеумен ғана шектелмей, Абай мұрасын білім беру тәжірибесіне, цифрлық жобалар мен қоғамдық өмірге кеңінен енгізуге бағыттау қажет. Абайдың шығармасын көз жүгіртіп қана оқып шықпай, оны күнделікті өмірде іс жүзінде қолдана білгеніміз дұрыс.

Рая ЕСКЕНДІР.

«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Бітімгершілік мәдениеті

Алматыда Медиаация институтының 15 жылдығына арналған «дөңгелек үстел» өтті. Жиынға этномәдени бірлестіктердің өкілдері, кәсіби медиаторлар, заңгерлер, қоғам қайраткерлер мен сарапшылар қатысып, отандық медиаацияның 15 жылдық даму жолын саралады.

Басқосуда билер институты мен дала дипломатиясының дәстүрі қазіргі медиаация жүйесімен тығыз сабақтасып жатқаны сөз болды. Сондай-ақ, қатысушылар бұл бітімгершілік мәдениетінің қоғамдық келісімді нығайтуда, сондай-ақ мегаполистегі түрлі жанжалдардың алдын алуда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Алматы қаласы Этномедиаация ұйымының басшысы Жәнділдә Тәжібаевтың пікірінше, осы уақыт аралығында медиаация саласы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Кейінгі жылдары азаматтар дауларды сотқа жеткізбей немесе сот отырысы кезінде өзара бітімге келуді жөн көреді.

«2013 жылы сотқа түскен істердің тек 0,1 пайызы ғана медиаациямен аяқталса, қазір бұл көрсеткіш 3,7%-ға жетті. Алматыда 4-5 медиаациялық ұйым жұмыс істейді, 150-ге жуық кәсіби медиатор және 50 этномедиатор бар. Этномедиаацияның басты ерекшелігі – ұлтаралық деңгейдегі кикілжіңдердің алдын алу. Медиатор сот сияқты шешімді кесіп айтпайды, ол екі тараптың ортақ мәмілеге келуіне көмектеседі. Мысалы, екі түрлі этнос өкілі арасында дау туындаса, медиаторлар араласып, өзара түсіністік орнатады. Отбасылық, еңбек, коммерциялық, көршілер арасындағы даулар, тіпті қылмыстық істер де қаралады. Алдағы мақсатымыз – халықаралық ынтымақтастықты арттыру. Медиаацияны жаңадан енгізіп жатқан елдермен өз тәжірибемізді бөлісіп, осы жүйені бізден бұрын қабылдаған мемлекеттерден жаңа тәсілдерді үйренуді жоспарлап отырмыз», – дейді ұйым басшысы.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

«БОЛАШАҚТЫ БІРГЕ САЛАМЫЗ!» Алматыда Құрылысшылар күні аталып өтті



де сарапталды. Мәселен, былтыр мегаполисте 2,6 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп, жүздеген отбасы баспаналы болды. Қала билігі әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға басымдық беріп, 20-дан астам мектеп, балабақша, медициналық мекеме, сондай-ақ мәдениет және спорт нысандарын іске қосты. Сонымен қатар, инженерлік желілер, көлік инфрақұрылымы мен демалыс аймақтарын көркейту-көгалдандыру жұмыстары қарқын алып, құрылыс секторына тартылған инвестиция көлемі 1 триллион теңгеден асты. Саланың дамуына зор үлес қосқан

құрылысшылар, сәулетшілер мен ардагерлер Алматы қаласы әкімінің атынан Алғыс хаттармен марапатталды. Марапат иегерлерінің қатарында құрылыс саласына 32 жылын арнаған тәжірибелі құрылысшы Рүстембек Жақпанов та бар.

«Барша әріптестерімді, құрылысшыларды кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Бұл салада жүргеніме 30 жылдан асты. Осы жылдар ішінде қолымыздан талай ғимараттар бой көтерді. Кезінде жаңа елордамыз – Астананың құрылысын бастауға да қатыстық. Қазіргі таңда Алматы қаласында зәулім тұрғын үйлер, заманауи мектептер салып жатыр-

мыз. Еңбегімізді бағалап, осындай марапатқа лайық деп таныған қала басшылығына алғысым шексіз. Алматымызда көркем де еңселі ғимараттар көптеп салына берсін, құрылысшыларымыздың дені сау, еңбегі жемісті болсын!», – деді марапат иесі.

Мерекелік бағдарлама отандық өнер жұлдыздары қатысқан думанды кешпен түйінделді. Сахна төрінде аңызға айналған «Дос-Мұқасан» ансамблі, Мәдина Сәдуақасова, Kalifarniya, «KeshYOU» және «Алатау серілері» топтары өнер көрсетті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Т1,021 трлн

2026 жылдың алғашқы жартысында қала капиталына салынған қаржы көлемі

Т500 млрд

іске қосылған 12 инвестициялық жобаның жалпы құны

40 -қа жуық

өнеркәсіптік парк – алдағы жылдары ашылуы жоспарланған

5000

жаңа жұмыс орны – осы индустриялық парктер есебінен құрылмақ

САУДА – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТІРЕК

Т3,63 трлн

2026 жылғы қаңтар–маусымдағы бөлшек сауда көлемі

Т8,61 трлн

көтерме сауда көлемі

+3,6%

бөлшек сауда өсімі

+6,1%

көтерме сауда өсімі (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда)

60,3%

Алматының жалпы өңірлік өніміндегі ШОБ үлесі

60%

Қала экономикасының негізгі драйвері ретінде ШОБ қалыптастыратын үлес

90%

Қаладағы жұмыспен қамтылғандардың ШОБ секторымен байланысты үлесі (әкімдік бағалауы)

ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ АУҚЫМЫ

1 800

жаңа жоба – 2024 жылы қаржыландырылған ШОБ жобалары

Т53 млрд

осы жобаларға бөлінген қаржы

2000 жоба

келесі кезеңде қолдау жоспарланған кәсіпкерлік жобалары

Т71 млрд

оларды қаржыландыруға жоспарланған қаражат көлемі

Биыл жалпы құны
Т543 миллиард теңгеге
35 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған

КӘСІП ПЕН НӘСІП

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Алматы – кәсіпкерлер астанасы

Мегаполис Қазақстандағы кәсіпкерлік белсенділігі ең жоғары қала статусын сақтап тұр. Мұнда еңбек нарығының басым бөлігін шағын және орта бизнес қалыптастырады, ал қаланың экономикалық серпіні көбіне осы сектордың дамуына тәуелді.

Республика бойынша жұмыс күшінің 39,8%-ы ШОБ секторында еңбек етсе, Алматыда бұл көрсеткіш 68,1%-ға дейін жетеді. Яғни әрбір үш алматылықтың екеуі кәсіпкерлікпен немесе кәсіпкерлікке қызмет көрсететін салада жұмыс істейді.

Құрылымдық өзгеріс

2026 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша, мегаполисте 431 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, аздап өсім көрсеткенімен, жұмыспен қамтылғандар саны төмендеген. Сонымен қатар, өндірілген өнімнің ақшалай көлемі де өткен жылғы деңгейден азайды. Бірнеше компания цифрлық форматқа көшіп, қызметкерлер санын оңтайландырып, өнімділікті арттыруға күш салуда. Яғни кәсіпкерлік құрылымы өзгеріп жатыр.

Экономист, қоғам қайраткері Бекнұр Қисықов мұны бірнеше фактормен байланыстырады.

– Біріншіден, жаңа Салық кодексіне байланысты кәсіпкерлердің бір бөлігі өз қызметін қайта құрылымдауда.



Екіншіден, цифрлық бақылау тетіктерінің күшеюі және есептілік талаптарының өзгеруі формалды түрде тіркелген, бі-

рақ белсенді жұмыс істемейтін субъектілердің қысқаруына әсер етті.

Үшіншіден, шағын кәсіпорындардың бір бөлігі нарықтағы бәсекеге төтеп бере алмай, қызметін тоқтатты немесе ірі бизнес құрылымдарына бірікті. Дегенмен, өндірілген өнім көлемі жоғары деңгейде қалып отыр. Бұл экономикада белсенді жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өнімділігі артқанын білдіреді, – деді сарапшы.

Қай салалар көш бастап тұр?

Алматыдағы кәсіпкерлік құрылымында дәстүрлі түрде көтерме және бөлшек сауда, көлік және қоймалау, құрылыс, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі басым. Өңдеу өнеркәсібінде ондаған мың кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Бұл қаланың тек қызмет көрсету қаласы емес, сонымен қатар өндірістік әлеуеті бар мегаполис екенін көрсетеді. Қаладағы шағын өндіріс орындары азық-түлік, құрылыс материалдары, жиһаз, жеңіл өнеркәсіп өнімдері және түрлі технологиялық тауар шығарады.

Құрылыс саласында шағын кәсіпорындардың үлесі ерекше жоғары. Қаладағы тұрғын үй құрылысы, коммерциялық нысандар мен инженерлік инфрақұрылым жобалары көптеген шағын және орта мердігер компаниялардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп отыр.

Цифрлық дәуір

Мемлекет басшысының Жолдауында ерекше назар аударылған бағыттың бірі – жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды бизнесте кеңінен қолдану. Бұл, әсіресе, Алматы үшін маңызды. Қалада кейінгі уақытта финтех, электронды коммерция, маркетплейс, логистика, цифрлық қызмет көрсету және шығармашылық индустрия бағытындағы стартап көбейді. Сондықтан Алматы Қазақстандағы ең ірі IT-кадрлар шоғырланған орталықтардың бірі болып саналады. Алдағы бес жылда ең жылдам өсетін сегменттер мыналар болуы мүмкін: AI негізіндегі сервистер; автоматтандырылған бухгалтерия және заң қызметтері; жеткізу және логистика платформалары; білім беру технологиялары; денсаулық сақтау саласындағы цифрлық шешімдер. Мұндай жобалардың ерекшелігі – олар көп

жағдайда шағын командамен жұмыс істеп, жоғары қосылған құн қалыптастырады.

Қолдау тетіктері жеткілікті ме?

Алматы әкімдігі кәсіпкерлікті қолдау үшін бірнеше бағыт бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Солардың бірі – «Almaty Business – 2030» бағдарламасы. Бағдарлама аясында әлеуметтік кәсіпкерлерге кепілсіз несие беру мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, «Іскер аймақ» бірыңғай бағдарламасы арқылы банктік несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін мемлекет субсидиялайды. Бұл, әсіресе, өндіріс, қызмет көрсету және өңдеу салаларындағы шағын компаниялар үшін маңызды қолдау болып отыр.

Кәсіпкерлер палатасының деректеріне сәйкес, Алматыда кәсіп ашуға байланысты кеңес беру, бухгалтерлік сүйемелдеу, экспортқа шығу, мемлекеттік сатып алуға қатысу және цифрландыру мәселелері бойынша тегін консультациялар саны жыл сайын артып келеді.

Негізгі сын-қатер

Кәсіпкер санының көп болуы әрдайым экономиканың жоғары тиімділігін білдірмейді. Бүгінгі басты міндет – ШОБ өнімділігін арттыру. Егер шағын кәсіпорындар жасанды интеллект, автоматтандыру, бұлтты сервистер және цифрлық талдау құралдарын кеңінен енгізілсе, аз қызметкермен көбірек өнім өндіруге мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде жалақының өсуіне, экспорттық әлеуеттің артуына және қаланың бәсекеге қабілеттілігінің күшеюіне ықпал етеді. Алматы кәсіпкерліктің астанасы мәртебесін сақтап қалу үшін енді тек кәсіпкерлер санымен емес, олардың технологиялық деңгейімен, инновациялық белсенділігімен және халықаралық нарыққа шығу қабілетімен ерекшеленуі тиіс.

Жасанды интеллект дәуірінде шағын және орта бизнес саудамен, біліммен, технологиямен және шығармашылықпен бәсекелесетін жаңа кезеңге аяқ басты. Алматы үшін бұл – әрі тәуекел, әрі зор мүмкіндік.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

Аумақтық қорғаныс күшейді

Алматыда аумақтық қорғаныс бригадасының тактикалық-арнайы оқу-жаттығуы басталды. Дайындық жоспарына сәйкес ол 16 тамызға дейін жалғасады.

Іс-шараға мерзімді әскери дайындықтан өткен немесе әскери академияда білім алған, сондай-ақ әскери кафедраны тәмамдаған запастағы 110 жауынгер өз даярлықтан шыңдау үшін арнайы оқу-жаттығу жиынына шақырылды. Олар 10 күн ішінде жауынгерлік дағдыларын жетілдіріп, төтенше жағдайда әрекет ету механизмдерін пысықтайды.

– Оқу-жаттығу жиынының негізгі мақсаты – Алматы қаласындағы аумақтық бригадаға бекітілген нысандарды күзету және қорғау. Сондықтан арнайы пәндер бойынша сабақтар өткізіледі және жауынгерлік даярлық, дене даярлығы сабақтары бойынша сынақтар тапсырылып, кәсіби біліктіліктерін арттырады. Запастағы әскери қызметкерлер ел қорғауға дайын жүру қажет. Олар төтенше немесе ерекше жағдайларда Бас қолбасшымыздың бұйрығымен әскери қызметке шақырылады, – деді Аумақтық қорғаныс бригадасы командирінің жауынгерлік және дене даярлығы жөніндегі орынбасары, майор Димежан Идрисов.



Ал запастағы аға лейтенант Сұлтан Төлеу аумақтық қорғаныс бригадасының тактикалық-арнайы оқу-жаттығуына екінші рет келгенін айтты. Оның сөзінше, мұндай жиындар әскери қызмет атқармайтын адамдарға жауынгерлік дағдыларын ұмытпауға көмектеседі. Бүгінде ол мектепте мұғалім болғанымен, әрдайым Отан алдындағы міндетін орындауға дайын екенін атап өтті.

– Алмалы ауданында №95 мектеп-лицейінде алғашқы әскери дайындық пәні бойынша сабақ беремін. Осы салада жүргеніме 5 жыл алды. Бұрын Беларусь Республикасында әскери курсант ретінде білім алғанмын. Кейін Батыс өңірлік қолбасшылығында 2 жыл қызмет еттім. Қазір әскери қызметте болмасам да, өзіме міндеттелген арнайы оқу-жаттығуына келіп тұрамын. 2022 жылы осындай жиынға қатысып, аға лейтенант шенін алсам, биыл капитан шенін алғалы отырмын, – деді ол.

Іс-шара барысында әскери техника мен жеке құрамды тасымалдау, уақытша басқару пункттерін құру, іс-тәжірибелік іс-шаралар өткізу және жауынгерлік міндеттерді орындау көзделген. Сондықтан Алматы қаласы Жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының өкілдері қала тұрғындарынан өтіп жатқан іс-шараларға түсіністікпен қарауды, қауіпсіздік талаптарын сақтауды, әскери қызметшілердің әрекеттеріне кедергі жасамауды және күштік құрылымдар өкілдерінің заңды талаптарын орындауды сұрады.

Досбол АТАЖАН.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚАЛА

Алматыда қандай ауқымды жобалар жүзеге асып жатыр?

Бүгінгі Алматыны кеше көрген адам ертең қайта танымай қалуы мүмкін. Қаланың бір шетінде жаңа магистральдар тартылып жатса, екінші бөлігінде мектеп пен емхана бой көтеріп, үшінші аумағында халықаралық деңгейдегі спорт нысандарының құрылысы жүріп жатыр. «Батыс қақпасы» мен «Шығыс қақпасы» жобалары жаңа тұрғын үй аудандарын қалыптастырып, инженерлік желілер мен көлік инфрақұрылымын түбегейлі жаңғыртуда. Бұл жобалар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, Алматының болашақтағы даму бағытын айқындайтын жаңа полицентрлердің қалыптасуына негіз болмақ. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Алматы қаласы Құрылыс басқармасының басшысы Нұрбол НҰРСАҒАТОВ осылай деп мәлімдеді.

Жаңа жолдар мен инженерлік желілер

Ең ауқымды жобалардың бірі Алатау ауданында жүзеге асырылуда. Бауыржан Момышұлы көшесі, Мөңке би көшесі, Фариза Оңғарсынова көшесі және Рысқұлов даңғылының аралығындағы 298 гектар аумақта жалпы ұзындығы 25,5 шақырым жаңа автомобиль жолдары салынып жатыр. Сонымен қатар, «Алғабас» және «Ақбұлақ» қосалқы станциялары реконструкцияланып, «Алғабас» және «Ақкент» қазандықтары жаңғыртылуда. «Трудовик» кәріз-сорғы станциясын қайта құру, жылу, су және электрмен жабдықтаудың магистральдық желілерін салу жұмыстары қатар жүргізіліп жатыр. Жоспарға сәйкес, жылу желілері тамыз айының соңына дейін, су құбыры мен кәріз желілері қазан айының басына дейін, ал электрмен жабдықтау нысандары қазан айының ортасына дейін аяқталуы тиіс.

Осындай жұмыстар «Шығыс қақпасы» полиорталығында да жүзеге асырылып жатыр. Мұнда 12,5 шақырым автомобиль жолдары, су құбыры, кәріз, газ және электр желілері, байланыс желілері, тарату қосалқы станциялары мен газ реттеу пункті салыну-

да. Қазіргі уақытта су құбыры желілерінің құрылысының 40%-дан астамы, кәріз және электр желілерінің шамамен 30%-ы, қосалқы станциялардың 50%-ы, ал газбен жабдықтау нысандарының 70%-дан астамы орындалған.

Көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталды

Шаһарда халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осы мақсатта Алматы қаласының Құрылыс басқармасы әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 6353 пәтерді сатып алуды жоспарлаған. Қазіргі кезде 2717 пәтер уәкілетті органның теңгеріміне берілді. Тағы 640 пәтерді қабылдап алу жұмыстары жүргізілуде, олар бойынша қабылдау-тапсыру актілеріне қол қойылған. Жыл соңына дейін барлық пәтерді уәкілетті органның теңгеріміне толық беру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі тұрғын үй-коммуналдық



инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы аясында әлеуметтік кредиттік тұрғын үй құрылысы жалғасуда. Қазіргі уақытта 2246 пәтерге арналған 29 көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр.

1366 пәтерді қамтитын 17 көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы толық аяқталды. Оның ішінде 7 тұрғын үй «Қалқаман-2» шағынауданында, 10 тұрғын үй «Жас қанат» шағынауданында орналасқан. Ал «Жас қанат» шағынауданындағы 880 пәтерге арналған қалған 12 көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысын 2027 жылдың II тоқсанында аяқтау жоспарланып отыр. Білім беру мен денсаулық саласында да инфрақұрылым қарқынды дамып жатыр.

«Медеудегі» жаңа тыныс

Қаламыздың символына айналған «Медеу» биік таулы спорт кешенінде де соңғы онжылдықтардағы ең ауқымды техникалық жаңғырту жұмыстары жүргізілу-

да. Жоба барысында мұз айдынының технологиялық плитасы мен салқындату жүйесі толық ауыстырылады.

Жаңа жабдықтар сыртқы ауа температурасы +15°C-қа дейін көтерілсе де, мұз сапасын жоғары деңгейде сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, инженерлік жүйелерді автоматтандыру және жылыту жүйесін газға көшіру арқылы энергия тұтыну көлемі 25–30 пайыз азаяды.

Жоба аясында төрешілер бөлмесі, допинг-бақылау аймағы, сегіз арнайы киім ауыстыру орны және бір мезетте 140 спортшыны қабылдай алатын жаңартылған қонақүй қарастырылған. Кешеннің тарихи сәулеттік келбеті толық сақталады.

Халықаралық деңгейдегі стадион

Құлжа және Талғар тасжолдарының бойында 45 мың көрерменге арналған жаңа футбол стадионының құрылысы басталды. Шамамен, 32 гектар аумақта орналасатын бұл нысан УЕФА-

ның төртінші санатына сәйкес келеді.

Жобада жаттығу базалары, жанкүйерлерге арналған демалыс аймақтары, заманауи қауіпсіздік жүйесі және іргелес аумақты абаттандыру қарастырылған. Сондай-ақ, стадионға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін көлік инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударылуда.

Бұл жобалар қаламыздың көлік, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын түбегейлі жаңғыртуға бағытталған «Батыс қақпасы» мен «Шығыс қақпасы» полиорталықтарының дамуы, жаңа білім және денсаулық сақтау нысандарының салынуы, тарихи спорт кешендерінің жаңаруы мен халықаралық деңгейдегі стадион құрылысы мегаполистің алдағы онжылдықтардағы даму әлеуетін арттырып, тұрғындар үшін қолайлы әрі заманауи қалалық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дана САДЫРҚАН.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

10 ТАМЫЗ – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

Жыл сайын еліміз «Құрылысшылар күні» мерекесін 10 тамызда атап өтеді. Әсіресе, Алматыда бұл салаға деген құрмет ерекше, өйткені, қаланы құрылысшылар салады. Құрылысы бір сәт тоқтамаған алып шаһардың қарбалас қала атануы да тектен-тек емес. Сондықтан да ел бойынша құрылыс көшін бастап келеді.

Алматы қаласы Қазақстанның құрылыс индустриясының дамыған аймақтарының бірі. Құрылыс жобалары 2026 жылдың алғаш жартысында пайдалануға берілген тұрғын үйлер ауданы 8,6% өсіп, 1341,6 мың шаршы метрді құраса, оның ішінде көппәтерлі үйлер 1174,1 мың шаршы метрге жеткен.

Мұнымен қатар негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі де 921 484,7 млн. теңге жетіп, өткен жылға қарағанда 25,4% артты. Яғни бұл құрылыс саласына бөлінген қаржының жоғары екенін көрсетеді. Қазіргі таңда Алматы қаласының дамуына серпін берген жобалардың қатарында Әл-Фараби, Райымбек даңғылы бойындағы BRT жобалары, жарықтандыру, көлік жүйелері жаңғыртылуы, жаңа мектептер, ауруханалар, спорт кешендері кіреді. Жобалардың бәрі өңірлік даму жоспарына сай іске асырылуда. Бұл ірі нысандарды салу мыңдаған



құрылыс маманының күші мен еңбек тәжірибесінің нәтижесі.

Негізінен, құрылыс саласында еңбек қауіпсіздігінен туындаған оқиғалар аз емес. Ресми деректер бойынша, өткен жылы қазақстандық құрылысшылардың арасында 1474 адам зардап шегіп,

251 адам қайтыс болған. Мәселен, биылғы тоғыз айда еліміз бойынша – 971 оқиға тіркеліп, 131 адам қаза тапқан.

Шаһарымызда құрылысшы мамандықтарына деген сұраныс артып келеді. Алматыда 2030 жылға қарай құрылысшы-монтажшы, түрлі құрылыс жұмысына

қатысты мамандықтар бойынша кемінде 9,2 мың маман қажет көрінеді. Бұл ретте Алматы қаласында кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілер ынтымақтастықты күшейтіп, студенттерді практикаға тартуда. Бұл өз кезегінде маман тапшылығын шешудегі негізгі жолдардың бірі.

Қазақстанда құрылыс саласы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің 4,8% үлесін алып отырса, Алматы осы үлесте көшбасшылардың алдыңғы қатарында келеді. Мұның нәтижесі сол – қалада сапалы инфрақұрылым дамып келеді.

Бұл кәсіби мереке – құрмет пен мәнді белгі болумен қатар, құрылысшыларға деген әлеуметтік қолдауды нығайтуды білдіреді. Алматы қаласында сол үрдіс жалғасып, еңбегімен көзге түскен мамандар «Құрметті құрылысшы» төсбелгісімен марапатталып отырады.

Қай кезден-ақ қала құрылысшының еселі еңбегімен өседі. Қаланың образы құрылысшының қолында. Құрылысшының жұмысы көпқабатты үй салу ғана емес, халықтың өмір сүру сапасының артқаны. Тау етегінде төбесінде бейбіт күн, құрылысына сәулеті сай Алматы. Қайырымды қаланың құрылысшыларға деген алғысы шексіз.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Әлеуметтік желіні ашсаңыз, шаһардағы гүлге көмкерілген өзен жағалауы, жасыл ағаштардың саясы, тау көрінісі және сол сәтті суретке түсіріп жүрген адамдар қайта-қайта алдыңыздан шығады. Бұл қала тұрғындары мен қонақтары үшін жаздың ең көркем мекендерінің біріне айналып үлгерген Есентай өзенінің жаңарған жағалауы.

ЖАЙНАҒАН ШАҺАР



Мұнда кешкі уақытта келгенде ерекше бір тыныштық сезіледі. Бірі баласымен қыдырып жүрсе, бірі велосипед теуіп келеді, енді бірі гүлдердің арасында суретке түсіп жатыр. Өзеннің сылдыры мен самал желдің лебі қала қарбаласын ұмыттырып, табиғатқа жақындата түсетіндей.

Бұрын қарапайым серуендеу аймағы ретінде танылған бұл кеңістік бүгінде гүлзарлармен, сәндік композициялармен және жаңарған қоғамдық аймақтармен толыққан. Әсіресе, гүлдермен көмкерілген аллеялар мен фотозоналар адамдарды өзіне бірден тартады. Келушілердің көбі бұл жерден өткенде міндетті түрде суретке түсіп, оны әлеуметтік желідегі парақшасына жариялап кетеді.

Алматылық тұрғын Айдана Досжанқызы бұл орынға демалыс сайын келетінін айтты. «Осындай жердің көбейіп жатқаны қатты қуантады. Бұрын гүлдерді көру үшін арнайы саябақ іздейтінбіз, қазір қаланың дәл ортасында осындай әдемі орын бар. Кешке келсең, өзеннің дыбысы мен гүлдердің иісі ерекше көңіл күй сыйлайды», – дейді ол.

Тағы бір тұрғын Нұрсұлтан Әлиев жағалауда жиі жүгіретінін айтып, өзгерістерді күн сайын байқап жүргенін жеткізді.

– Бірнеше жыл бұрынғы Есентай мен қазіргі Есентайды салыстыруға келмейді. Жолдары да, айналасы да жаңарып кеткен. Ең бастысы, адамдардың көп серуендейтіні байқалады. Бұл жер тіріліп қалғандай әсер береді, – дейді ол.

Жаңарған аумақта балаларға арналған ойын алаңдары да толықтай жаңартылған. Кешкі мезгілде ата-аналар орында демалып отырса, балалар алаңда асыр салып ойнап жүреді. Бұл Есентайды отбасылық демалыс үшін де қолайлы орынға айналдырып отыр.

Гүлдердің арасында суретке түсіп жүрген жастардың қарасы да көп. Әсіресе, гүлге оранған «Тауыс» композициясының маңында кезек күтіп тұрған адамдарды көруге болады. Бірі кәсіби фотосессия жасап жатса, енді бірі естелік суретке түседі.

Instagram мен TikTok, Threads желілерінде Есентай жағалауынан жарияланған жазбалардың саны күн сайын артып келеді. Қала тұрғындары бұл орынды «Алматының ең фотогенді бұрышы», «қаладан шықпай-ақ табиғатта жүргендей әсер», «жаздың ең әдемі локациясы» деп сипаттап жатыр.

«Бүгін Есентайға барып қайттым. Гүлдерге қарап ұзақ жүріп қалдым, шынымен

ертегі әлемі сияқты. Алматыда осындай әдемі орынның көбейгені қандай жақсы. Балалармен келіп, жарты күн демалып қайттық. Жағалау бойындағы абаттандыру жұмыстарының нәтижесі де көзге бірден түседі. Серуендеу жолдары жаңартылып, гүлзар көбейтілген, сәндік композициялар орнатылған. Айналаның ұқыпты күтімі мен гүлдердің молдығы бұл аумаққа ерекше сән беріп тұр», – деп ерекше пікір білдірген Threads-тегі оқырманның бейнежазбасын да көзіміз шалып қалды.

Есентайдағы өзгерістер мұнымен шектелмейді. Медеу ауданындағы өзен жағалауында жалпы аумағы 19 мың шаршы метрден асатын ең ірі гүл саябағы ашылды. Мұнда мыңдаған көпжылдық гүл, сәндік бұталар мен ірі ағаштар отырғызылған. Көктемнен бастап кеш күзге дейін гүлдеп тұратын композициялар жағалаудың келбетін айрықша ажарландырып тұр.

Көріктендіру жұмыстары барысында мыңдаған гортензия мен раушан гүлдері, сәндік бұталар, көпжылдық өсімдіктер және 500-ден астам ірі көлемді ағаш егілген. Сонымен қатар, экологиялық серуендеу жолдары салынып, аумақ суды үнемдеуге мүмкіндік беретін заманауи тамшылатып суару жүйесімен жабдықталған.

Егер осы жазда Алматыдан алысқа шықпай-ақ табиғаттың сұлулығын сезінгіңіз келсе, Есентай өзенінің жағалауы – міндетті түрде барып көруге тұрарлық мекен. Жаңа қоғамдық кеңістік бүгінде тұрғындардың серуендеуі, тынығуы және отбасылық демалысы үшін сүйікті орындардың біріне айналып отыр. Мұнда таңертең жүгірушілерді, түсте балалармен келген ата-аналарды, ал кешке қол ұстасып серуендеген жұптарды кездестіруге болады. Әрқайсысы бұл жерден өзіне бір сәттік тыныштық, әдемілік немесе шабыт табатындай.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ҚОНАҚЖАЙ АЛМАТЫ

«ӨЗ ҚАЛАМДА ДЕМАЛАМ»

Қарбалас тіршіліктен бір сәт демалғысы келген халық бұрынғыдай сауда орталықтарына немесе тау баурайына ағылмайды. Бүгінде алматылықтар қала көшелерін аралап, жаңарған шаһар келбетін тамашалап, мәдени кеңістіктерде демалады. Көпшілігіміз ескі орындарды «баяғыда көргенбіз» деп ойлаймыз, бірақ уақыт өткен сайын олардың да өзгеріп, жаңа қырынан жарқырай түскенін білмеуіміз мүмкін.

Қос бағытты даму

Көбіміз демалыс десе, бірден шетелді, басқа қалаларды елестетеміз. Алайда, күн сайын жүріп өтетін көшелерімізде, саябақтарымызда, ескі ғимараттарымызда қаншама байлық, сыр мен тарих жатқанын біле бермейміз. Соңғы жылдары Алматыда ішкі туризмге деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Бұрын тек шетелдік келушілерге арналған орындар бүгінде ең



мұражайлар. Осы жолы мен де қаламыздағы танымал мұражай Almaty Museum of Arts-ке барып, ондағы келушілердің көптігіне таңдай қағып қайттық. Мұнда ай сайын мыңдаған адам келіп, олардың басым бөлігін жастар құрайды – бұл, әрине, қуантарлық жайт.

Мұражайда біз тілдескен Андиржан Нұрай Астанадан келіпті. Оның айтуынша, қазіргі жастардың демалысқа деген танымы мүлде өзгерген:

– Бұрын біз демалысты тек ойын-сауық орталықтарына бару, дүкен аралау немесе көңіл көтеру деп түсінетінбіз. Енді уақыт өзгерді, жастар уақытты бос өткізбей, мағыналы, пайдалы әрі есте қалар-

✓ КЕРЕК ДЕРЕК

Алматы – ішкі туризмнің танымал бағыты:

- 2025 – ішкі туристер саны 1,3 миллионнан асқан.
- 2026 – алғашқы 6 айда тағы 42% артты.
- Келушілердің 60%-ын отандық саяхатшылар құрайды.
- 250-ден астам жаңа туристік бағыт әзірленді.
- Келушілердің жалпы қанағаттану индексі 82,6 балл.
- Мәдени-тарихи нысандарға келушілер жыл сайын 50% артып отыр.
- Тау бағыттары мен табиғи аймақтарға келушілер 1,8 миллионнан асты.
- Табиғатты қорғау мәдениеті де қалыптасып келеді.
- Екі жылда еріктілермен 120-ден астам тазалық акциясы өтті.
- Туристік бағыттарға 200-ден астам ақпараттық тақтайша орнатылды.

алдымен өзіміздің қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналып жатқаны сөзсіз.

Туризм саласының сарапшысы Жансая Менілбаеваның айтуынша, ішкі туризмнің қарқынды дамуы қуантарлық үрдіс. Дегенмен, бұл бағыттағы өсім инфрақұрылымның дамуымен қатар жүруі тиіс.

– Соңғы жылдары ішкі туризмнің қарқынды дамып келе жатқаны, әрине, қуантады. Алайда, бұл бір жағынан овертуризмнің де белгісі. Яғни овертуризм дегеніміз – туристердің шамадан тыс келуі. Біз тек туризмді дамытуды ғана емес, инфрақұрылымды да дамытуды ойлауымыз керек. Қазір маркетингке, PR-ға көп қаражат бөлініп жатыр, сондай-ақ жан-жақтан аспаздар да шақырылуда. Дегенмен, инфрақұрылымды одан әрі дамытпасақ, туристік жүктеме жыл сайын артып, бұл Алматы үшін қиындық тудыруы мүмкін, – дейді сарапшы.

Мазмұнды демалыс

Бұрын Алматыны тек тауларымен, Медеу мен Шымбұлақпен танитын болсақ, енді мәдени, тарихи, гастрономиялық және жаяу серуендеу бағыттары да алдыңғы орынға шықты. Қаладағы кез келген көше бойындағы жаяу жүргіншілер аймақтары, жаңартылған саябақтар, көрмелер – бәрі демалыстың мазмұнын байытуда. Париждіктер Луврға, Лондондықтар Британ мұражайына, Нью-Йорктіктер Орталық саябаққа қайта-қайта барады. Әр келген сайын жаңа нәрсе көріп, жаңа ой түйіп, өз қаласын тереңірек тани түседі. Осы жерде «Біз Алматыны толық тани алдық па?» деген сауал туады. Көбіміз қаланың барлық жерін көріп болғандай көрінеміз, дегенмен ондағы тарихи келбеті, мәдени мәні терең орындарды толық танып кетпеуіміз мүмкін.

Соңғы уақытта ерекше қызығушылық тудырған бағыт – тарихи орындар мен



лықтай өткізуге тырысады. Іздегеніміз – терең әсер, ой қозғайтын нәрсе, рухани тыныштық. Сондықтан да болар, соңғы кездері мұражайлар, көрмелер, тарихи орындарға бару нағыз сәнге айналды. Мұндай кеңістіктердің қазіргі заман талабына сай жасалғаны, әрбір келушіге жағдай жасалғаны ерекше қуантады, – дейді Нұрай.

Саяжан Қазыбекқызы оның пікірін қолдай сөйледі:

– Алғаш рет бұл мұражайды әлеуметтік желіден көріп, қызығып келгем. Содан кейін достарыммен бірнеше рет қайттық. Мұнда тек суретке түсіп, әдемі жерде отыру ғана емес, әр экспозицияның, әр туындының өзіндік сыры, терең мағынасы бар екенін сезінесің. Қазір жастардың демалысқа, бос уақытқа деген көзқарасы түбегейлі өзгеріп жатқандай. Бізге осындай орындар өте қажет.

Алматының ерекшелігі – табиғат пен қалалық мәдениет қатар, үйлесімді дамып келеді. Таңертең тауға шығып, самалды

сезініп, түсте қаланың тарихи көшелерін аралап, мәдени нысандарды тамашалап, кешке театр немесе концертке баруға болады. Мұндай мүмкіндікті әлемнің барлық мегаполистерінде бола бермейді. Гастрономиялық бағыт та қарқын алып келеді, 40-тан астам елдің асханасын, соның ішінде қазақтың ұлттық тағамдарын дәл дайындайтын орындарды оңай табуға болады. Соңғы үш жылда шағын кофеханалар мен авторлық дәмханалар саны 2,5 есеге артты.

Экономикаға әсер етеді

Демалысты өз қаласында өткізудің экономикалық тиімділігі де айтарлықтар зор. Мысалы, жұмсалатын қаржы, уақыт жағынан тиімді, әрі сол жұмсаған қаржы қаланың орта шағын бизнесіне шағын үлес болып қосыла бермек.

Экономист Ләззат Жанмолдаеваның айтуынша, Алматыда ішкі туризмнің қарқынды дамуы қала экономикасына, шағын және орта бизнес пен халықтың әлауқатының жақсаруына айтарлықтай

мультипликативті әсер етеді. Ол бұл үрдісті сұраныс стимулы, жұмыс орындарының құрылуы, кірістердің айналымы және жергілікті нарықтың кеңеюі деп қарастыратынын айтады:

– Ішкі туризм – Алматы экономикасының негізгі ағымының маңызды бөлігі. Мысалы, 2025 жылдың 9 айында 1,87 миллион туристің шамамен 70%-ы, яғни 1,3 миллионы ішкі туристер. Көлемі 82,4 миллиард теңгеге жетіп, ел бойынша үлесі 30,8%-ды құрады. Туризм саласына тарылған негізгі капиталға инвестициялар тоғыз айда 113 миллиард теңгеден асып, жылдық өсім 47 пайызды құрады. Туризмнің қаланың ішкі өнімдегі үлесі бұрынғы жылдармен салыстырғанда, айтарлықтай өсуде. Нәтижесінде қала бюджетіне салық түсімдері артып, инфрақұрылымды дамытуға қаражат түсіп, қаланың тартымдылығы арта түседі, – дейді Ләззат Жанмолдаева.

Экономистің сөзінше, Алматы үшін ішкі туризм – ішкі сұраныстың қозғаушы күші. Ол экономиканы әртараптандырады, шағын бизнесті ынталандырады және халықтың нақты кірістерінің артуына ықпал етеді. Егер бұл үрдіс жалғасып, сапалы инфрақұрылым мен кадрлармен сүйемелденетін болса, туризм қаланың тұрақты өсу драйверіне айналады.

Міне, сондықтан да басты міндет – экономикалық өсімді тұрақты және инклюзивті ету екені анық байқалады. Бүгінде халықаралық басылымдар Алматыны Орталық Азиядағы ең жайлы, қауіпсіз әрі тартымды туристік бағыттардың бірі ретінде бағалап жүр. Бұл – қаланың көркем табиғаты ғана емес, мәдени өмірінің жанданып, туристік инфрақұрылымының дамып келе жатқанының айқын көрінісі.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ,

Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ

Әуезов ауданында БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры ұйымдастырылып, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысы таныстырылды. Тур барысында журналистер жаңа мектеп құрылысы мен «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында қолға алынған абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты.

Алғашқы нысан – №13 мектеп-гимназиясының құрылысы. Бұрынғы мектеп ғимараты техникалық сараптама қорытындысы бойынша апатты деп танылып, пайдалануға жарамсыз болғандықтан сүрілген. Оның орнына қазіргі заман талаптарына сай жаңа білім беру мекемесі бой көтеріп келеді.

Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиевтің айтуынша,



бұрынғы мектеп небәрі 340 оқушыға арналған болса, жаңа ғимарат 1200 орынға есептелген. Бұл аудандағы оқушы орнының тапшылығын едәуір азайтып, балалардың қауіпсіз әрі жайлы жағдайда білім алуына мүмкіндік береді.

Жобаның тапсырыс берушісі – Алматы қаласының Құрылыс басқармасы. Жобалық-сметалық құжаттама мемлекеттік

сараптамадан өткеннен кейін құрылыс жұмыстары биылғы сәуір айында басталған. Бас мердігер – BI Group компаниясы.

Компания өкілдерінің мәліметінше, құрылыс алаңында 200-ден астам маман мен 20-дан аса арнайы техника жұмыс істеп жатыр. Қазіргі уақытта жер жұмыстары толық аяқталған. Ғимарат қаңқасының негізгі бөлігі тұрғызылып, сыртқы инженерлік желілер жүргізілген. Қазір ішкі инженерлік жүйелерді тарту, қабырғаларды қалау, әрлеу және аумақты абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2026 жылдың желтоқсанында аяқтау жоспарланған.

Жалпы ауданы 12,7 мың шаршы метр болатын үш қабатты мектепте 44 оқу кабинеті, спорт және хореография залдары, кітапхана, 354 орынды асхана қарастырылған. Жобада қауіпсіздік, сейсмикалық төзімділік, энергия тиімділігі және ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін кедергісіз орта қалыптастыру талаптары толық ескерілген.

Баспасөз турының келесі бағыты «Тастақ-1» шағынауданындағы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылып жатқан абаттандыру жобалары болды.

№6 тұрғын үйдің ауласында балалар ойын алаңы, демалыс



аймағы, шағын сәулет нысандары, жарықтандыру және бейнебақылау жүйесі орнатылып жатыр. Жалпы аумағы 920 шаршы метрді құрайтын бұл жоба 1200-ден астам тұрғынның игілігіне бағытталған. Қазіргі таңда нысанның дайындығы шамамен 85%.

Сондай-ақ, №7 және №8 тұрғын үйлердің арасындағы жаңа қоғамдық кеңістіктің құрылысы таныстырылды. Мұнда балалар ойын алаңы салынып, шағын сәулет нысандары, жарықтандыру және бейнебақылау жүйесі орнатылады. Жоба аясында аумақ көгалдандырылып, шамамен 5 мың бұта мен 2 мың шаршы метр жасыл желек егіледі. Сонымен қатар, автоматты суару жүйесі іске қосылады.

Аудан әкімі Абзал Егембердиевтің айтуынша, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының басты ерекшелігі – жобалардың тұрғындардың ұсынысы негізінде жүзеге асуы.

– Барлық жоба тұрғындардың сұранысына сай әзірленді.

Біздің мақсатымыз – әрбір тұрғынның үйіне жақын жерде қауіпсіз әрі жайлы қоғамдық кеңістік қалыптастыру. Жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Жақын уақытта тұрғындар демалып, балаларымен уақыт өткізіп, спортпен айналыса алатын жаңа аулалар мен саябақтарды пайдалануға береміз, – деді аудан әкімі.

Екі абаттандыру жобасы да биыл мамыр айында басталған. Жоспарға сәйкес құрылыс және көріктендіру жұмыстары 25 тамызға дейін аяқталып, жаңа қоғамдық кеңістіктер тұрғындар игілігіне беріледі.

Баспасөз туры барысында таныстырылған жобалар Әуезов ауданында әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға және қолайлы қалалық орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың жүйелі түрде жалғасып жатқанын көрсетті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің бастамасымен баспасөз туры ұйымдастырылды. Іс-шараға аудан әкімі Назира Тоғызбаева қатысты.

Баспасөз туры барысында БАҚ өкілдеріне алдымен, қалалық Құрылыс басқармасының тапсырысымен салынған «Қалқаман» тұрғын үй кешені көрсетілді. Абай даңғылының бойында орналасқан көппәтерлі тұрғын үйлер қазір 99% дайын. Мұнда жалпы 7 тұрғын үй болса, онда 594 пәтер бар. Атап айтқанда: 1 бөлмелі пәтер саны – 184, 2 бөлмелі – 248 және 3 бөлмелі – 162 пәтер. Назира Тоғызбаеваның айтуынша, ниет білдірген азаматтар мұнда мемлекеттік бағдарламалар арқылы баспана ала алады.

Іс-шара барысында ауданда салынып жатқан әлеуметтік нысандар бойынша да ақпарат берілді. Қазір Наурызбай ауданында 37 мектеп жұмыс істейді және онда 35 мыңнан астам оқушы білім алады. Кейінгі 3 жылда ауданда 9100 орынға 6 мектеп ашылған. Осы жылдың қыркүйек айында 340 орынға №15 мектеп-интернатының құрылысын және №174 мектепке қосалқы нысан салу жұмыстарын аяқтау жоспарланған. Одан бөлек, биыл Райымбек даңғылының бойында, «Құрамыс» және «Қалқаман» шағынаудандарында 3 балабақша ашылуы тиіс. Жалпы аудан бойынша 168 балабақша бар. Қарқынды дамып жатқан ауданда медицина нысандары да бой көтеруде. Мәселен,

«Құрамыс» және «Шұғыла» шағынаудандарында 500 адамға арналған екі емхананың құрылысы жүріп жатыр. Ал «Ақжар» және «Тастыбұлақ» шағынаудандарында екі отбасылық амбулатория ашылмақ. Сонымен қатар, №1 және №7 қалалық ауруханалар ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұл тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасына арттыруға мүмкіндік береді.

Баспасөз турында таныстырылған екінші нысан – «Ақсай» сүзгілеу станциясы болды. 1 ай жуық уақыт бұрын іске қосылған станция Наурызбай ауданы мен Алматы облысы Қарасай ауданындағы 100 мың адамды таза ауызсумен қамтамасыз етеді. Оның ішінде «Таужолы», «Тастыбұлақ», «Таусамалы», «Ақжар», «Шұғыла» шағынаудандары және «Жаңатұрмыс», «Қырғауылды» ауылдары бар.

– Аудандағы ең өзекті мәселенің бірі – ауызсу тапшылығы болатын. Жаңа тұрғын үй салынып, инфрақұрылым кеңейіп, халық саны артып жатыр. Соған байланысты қолданыстағы инженерлік желі осы жүктемеге төтеп бере алмай отыр. «Ақсай» сүзгілеу станциясының салынғаны жақсы болды. Ол 100 мыңнан астам тұрғынын сапалы ауызсумен қамтамасыз етпек, – деді аудан әкімі.

Нысанда радиалды және көлденең тұндырғыштар, әрқайсысының сыйымдылығы 5 мың

ЖАС АУДАННЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



текше метр болатын таза су резервуарлары, сондай-ақ су дайындау блогы мен әкімшілік-зертханалық корпус бар. Одан бөлек, ұзындығы 5,9 шақырым болатын магистральдық су құбыры, бес көлік көпірі мен алаңнан тыс газбен жабдықтау желілері салынған. Бүгінде нысанда іске қосу-баптау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ал зертханалық талдау нәтижелері судың сапасы барлық санитарлық және техникалық талаптарға толық сәйкес келетінін растаған. Барлық жұмыстар толық аяқталған соң, «Алматы су» мекемесінің қарама-ғында болатын су станциясында 62 маман жұмыс істейтін болады.

Одан кейін «Ақжар» шағынауданындағы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында абаттандырылған алаң мен аудан жолдарын жөндеу жұмыстарының барысы таныстырылды.

– «Ақжарда» осындай бос жатқан алаң бар екенін анықтаған соң, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында оны көркейттік. Қазір бұл тұрғындардың сүйікті демалыс орындарының бірі, – деді Назира Тоғызбаева.

Бүгінде аудан бойынша 25 мың шаршы метр көшелерде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ, «Ақжар» шағынауданында 89 көшеде жаңа жолдар салынып жатыр. Оның ішінде: 74 көше немесе 36 км жол салынып қойған. Жалпы жоба 2026 жылдың қазан айына дейін толықтай жүзеге асырылады. Ал орташа жөндеу жұмыстары жалпы ұзындығы 10,4 шақырым болатын 11 көшеде істеліп жатыр. Оның ішінде Жандосов көшесінің жолы Медеубеков көшесінен Дәулеткерей көшесіне дейінгі бөлігінде кеңейтіледі.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ӘЛЕМ ҚАДІРЛЕГЕН АТА-ӘЖЕЛЕР

Байқасаңыз, әлем халықтарының өзара ұқсастықтары өте көп. Бірақ сол ұқсастықтар кейде әртүрлі мағынаға ие. Мәселен, шетелдердегі ата-әжелер күнін атап өту үрдісі біздің қазан айында өткізетін «Қарттар айлығына» ұқсас. Әрине, қартты қадірлеп, үлкенді сыйлағанға не жетсін!

Ата-әжеге, үлкендерге құрмет көрсету дәстүрі көптеген халыққа ортақ болғанымен, мерекенің күні мен оны атап өту тәсілі әр елде әртүрлі. Бір мемлекетте бұл күн ресми түрде белгіленсе, енді бірінде отбасылық немесе діни дәстүр ретінде сақталған. Кейбір елдерде ата мен әжеге ортақ бір күн арналса, басқаларында Әжелер күні мен Аталар күні деп бөлінеді екен.

АҚШ-та бұл мереке ұрпақтарды жақындастыру тұрғысында тойланады. Құрама Штаттарында Ұлттық ата-әжелер күні жыл сайын Еңбек күнінен кейінгі алғашқы жексенбіде аталып өтеді. Биыл ол 13 қыркүйекке сәйкес келеді. Мерекенің басты мақсаты – тек ата-әжелерді құрметтеу ғана емес, балаларға үлкен буынның тәжірибесі, білімі мен ақыл-кеңесінің құндылығын түсіндіру. Ол күні немерелері ата-әжесіне өз қолымен ашықхат жазып сыйлайды. Кейбір отбасылар ортақ пикник ұйымдастырып, бірге тамақ әзірлейді, үстел ойындарын ойнайды, міндетті түрде ескі отбасылық суреттерді қарайды. Мектептерде балалары ата-әжесін сабаққа шақырып, олардың мамандығы, балалық шағы мен өмір тәжірибесі туралы айтқан әңгімесін тыңдайды.



Кейбір елдерде мұражайлар, демалыс орталықтары мен хайуанаттар бағында да ата-әже мен немереге арналған арнайы бағдарламалар өткізеді. Мысалы, кейбір мекемелер ата-әжелерге тегін кіру мүмкіндігін, бұған қоса отбасылық шығармашылық сабақтарын да ұсынады. Шетелдерде бұл мереке үлкендердің жалғыз қалуына жол бермеу және олардың қоғамдағы орнын көрсету мақсатында атап өтіледі. Сондықтан қымбат сыйлықтан гөрі, бірге өткізілген уақыт маңызды саналады.

Ал Италияда Festa dei Nonni, яғни Ата-әжелер күні жыл сайын 2 қазанда тойланады. Бұл күн 2005 жылы арнайы заңмен

бекітіліп, әрі 2 қазан католик дәстүріндегі қорғаушы періштелер күнімен сәйкес келеді. Италиян қоғамында ата-әжелер де отбасының қорғаушысы, тірегі және қамқоршысы ретінде қабылданады. Мереке кезінде балалар атасы мен әжесіне гүл, тәтті тағам немесе қолдан жасалған сыйлық береді. Балабақшалар мен мектептерде ән, өлең және шағын концерттер ұйымдастырылады.

Бір қызығы, осы жағына келгенде, итальяндықтардың қазақ халқымен ұқсастығы бар. Олар

үшін немеренің ата-әже тәрбиесіндегі орны ерекше. Көптеген отбасында ата мен әже немерелерін мектептен алып, тамақтандырып, ата-анасы жұмыста болған кезде қарап береді. Сондықтан бұл мереке тек сезімге толы отбасылық күн емес, үлкендердің күнделікті еңбегіне қоғамдық алғыс білдірудің де бір тәсілі саналады.

Польшада 1960 жылдардың ортасынан бастап, ата-әжелерге арналған мереке екі күн қатарынан, 21 қаңтар – Әжелер күні, ал 22 қаңтар – Аталар күні болып белгіленген. Поляктарда бұл күндері балалар мектепте және балабақшада арнайы қойылым дайындайды. Олар ән айтып, тақпақ оқып, өз қо-

лымен жасаған ашықхаттарын табыстайды. Отбасылар әжелеріне гүл мен тәтті тағам, ал аталарына шағын естелік сыйлықтар береді. Поляк отбасылары үшін мерекенің ең маңызды бөлігі дастархан басына жиналу. Осылайша бір күн әжеге, екінші күн атаға жеке көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Португалия мен Бразилияда Ата-әжелер күні 26 шілдеге белгіленген. Австралиядағы мерекелік бағдарламаларда отбасылық байланыстан бөлек, үлкендердің қоғамға сіңірген еңбегіне де мән беріледі.

Ватиканда Дүниежүзілік ата-әжелер мерекесі шілденің төртінші жексенбісінде өткізіледі. Бұл күнді 2021 жылы Рим Папасы Франциск енгізіп, ол 2026 жылы алтыншы рет атап өтілді. Шіркеулерде егде адамдарға арналған арнайы құлшылықтар, кездесулер және қайырымдылық шаралары ұйымдастырылады.

Әлем елдеріндегі Қарттар мерекесінің күні мен атауы әртүрлі болғанымен олардың ортақ мақсаты бар. Ол ата-әже мен ұрпақтың байланысын нығайту, және отбасылық тарихты сақтау.

Қазақстанда да осы тәжірибелерді ұлттық дәстүрмен үйлестіруге болады. Мысалы, ата-әжеден бата алу, әулет шежіресін жазу, ескі суреттерден отбасылық альбом жасау, немерелерге ұлттық тағам дайындауды үйрету немесе бірнеше буын болып табиғатқа шығу мерекенің мазмұнын байыта түседі. Өйткені, ата-әжеге арналған күннің ең басты сыйлығы заттай алған сыйлық емес, немеренің ықыласы, отбасының назары және бірге өткізген уақыт.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ШАҢҰАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН!

«Отан – отбасынан басталады». Бұл – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өмірлік қағида. Шынында да, мемлекеттің қуаты экономикасымен ғана емес, әр шаңырақтың беріктігімен өлшенеді.

Берекенің бастауы

Отбасы аман болса – қоғам тыныш, қоғам тыныш болса – елдің болашағы жарқын. Сондықтан отбасы құндылықтарын сақтау – жеке адамның емес, тұтас қоғамның жауапкершілігі.

Қазіргі заман бұрын-соңды болмаған қарқынмен өзгеріп келеді. Ақпарат ағыны, әлеуметтік желінің ықпалы, өмір сүру салтының өзгеруі адамдардың қарым-қатынасына да әсер етуде. Бір кездері үлкеннің сөзіне тоқтап, шаңырақтың берекесін бәрінен жоғары қойған қазақ қоғамында бүгінде отбасы мәселесіне жаңаша көзқарас қажет болып отыр. Себебі, берекелі отбасы өздігінен қалыптаспайды. Ол сыйластықпен, жауапкершілікпен, сабырмен және өзара түсіністікпен құрылады.

Мемлекет те бұл мәселеге айрықша көңіл бөліп келеді. Қазақстанда қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту, ана мен баланы қорғау, әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыру және демографиялық саясатты қолдау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындалған.

Кейінгі жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бірқатар заңнамалық өзгерістер қабылданып, әлеуметтік қолдау іс-шаралары кеңейтілді. Бұл бастамалардың басты мақсаты – қауіпсіз әрі әділетті қоғам қалыптастыру. Алматы қаласында да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Қалада әйелдерге арналған дағдарыс орталықтары, психологиялық және құқықтық кеңес беру қызметтері жұмыс істеуде. Отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған форумдар, кездесулер, жастармен пікірталастар мен ағартушылық жобалар тұрақты ұйымдастырылуда.

Әйел – қоғамның тірегі

Қазақ халқы ежелден әйелдің орнына ерекше мән берген. «Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаған. Бүгінде бұл сөздің мәні бұрынғыдан да тереңдей түсті. Қазіргі қазақ әйелі тек отбасының ұйытқысы ғана емес, мемлекет дамуына үлес қосып жүрген білікті маман, кәсіпкер, ғалым, дәрігер, ұстаз, мәдениет қайраткері, мемлекеттік қызметші.

Статистикаға сүйенсек, елімізде білім беру мен денсаулық сақтау саласында еңбек ететіндердің басым бөлігі – әйелдер. Сонымен қатар, кәсіпкерлікпен айналысып, жаңа жұмыс орындарын ашып отырған нәзік жандылардың қатары да жыл сайын артып келеді. Алматы қаласында әйелдер жетекшілік ететін шағын және орта бизнес орындары көбейіп, олардың экономикадағы үлесі артып отыр. Алайда, қоғам дамыған сайын әйелдердің мойнына артылатын жауапкершілік те көбейе түсуде. Бір жағынан – қызмет, екінші жағынан – отбасы, бала тәрбиесі, ата-ана алдындағы парыз. Осындай жағдайда әйелдің құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның қоғамдағы беделін арттыру – өркениетті мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.



Бір оқиға – мың ой

Соңғы апталарда әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жас қыздың қаза болуына қатысты өтіп жатқан сот процесі қоғамның ерекше назарын аударды. Мыңдаған адам сот отырысын тікелей бақылап, пікір білдіріп, әділ шешімнің қабылданып кутуде. Бұл қайғылы оқиға қоғамға тағы бір маңызды мәселені еске салды: әйелдің өмірі мен қауіпсіздігі – бүкіл қоғамның ортақ құндылығы. Әлеуметтік желілердегі пікірлерге көз жүгіртсек, көпшілікті бір ғана сұрақ толғандырады: «Неге мұндай қайғылы жағдайлар әлі де орын алып жатыр?».

Бұл сауалдың жауабы бір ғана заңнан немесе бір ғана адамның әрекетінен тұрмайды. Оның астарында отбасы тәрбиесі, психологиялық мәдениет, құқықтық сауаттылық, өзара құрмет және адам өміріне деген жауапкершілік жатыр. Сонымен қатар, жасаған әрекетін мойындамай, өлген қыздың өзін кінәлауға тырысып, өзін-өзі ақтауға ұмтылуы – халықты қатты ашындырды.

Өкінішке қарай, кейде қызғаныш махабатпен шатастырылады, бақылау қамқорлық ретінде қабылданады, ал психологиялық қысымға уақытында мән берілмейді. Мамандар мұндай белгілерге ерте кезеңнен

назар аудару қажеттігін айтады. Себебі, кез келген қайғылы оқиғаның алдында байқалмай қалған ескерту белгілері болуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі күні заңды күшейту ғана жеткіліксіз.

Заң – қорған, тәрбие – қалқан

Кейінгі жылдары елімізде әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық өзгерістер қабылданып, жауапкершілік күшейтілді. Заңгерлердің айтуынша, көптеген жанжалдың алдын алуға болатын еді. Ол үшін азаматтар өз құқықтарын біліп қана қоймай, заңды дер кезінде қолдана алуы қажет.



Осы орайда заңгер Сәния Мырзабекқызы бұл мәселені тек заңды күшейту арқылы толық шешу мүмкін емес дейді. Оның айтуынша, әр азамат өз құқықтары мен міндеттерін біліп, отбасында өзара құрмет пен жанжалдарды диалог арқылы шешу мәдениетін қалыптастыруы қажет. Сондай-ақ мемлекет, құқық қорғау органдары, білім беру ұйымдары және қоғам бірлесіп жұмыс істеп, әрбір зорлық-зомбылық дерегіне жедел әрекет етіп, жәбірленушілерге құқықтық әрі психологиялық көмек көрсетуі маңызды.

«Заңнаманы жетілдіру қажет, бірақ ол жалғыз өзі жеткіліксіз. Заңның міндеті – құқық бұзушылық болғаннан кейін ғана әрекет ету емес, оның алдын алу. Ал алдын алу әрбір отбасынан басталады», – дейді Сәния Мырзабекқызы.

Оның сөзінше, тәжірибеде жанжалдан кейін көптеген әйелдер балаларын, отбасын ойлап немесе қысымға байланысты арызын қайтарып алуға тырысады. Сондықтан әр азамат эмоцияға берілмей, өз әрекетінің құқықтық салдарын алдын ала ойлағаны жөн.

Қазақта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген тағылымды сөз бар. Баланың бойына кішкентайынан мейірім, құрмет, жауапкершілік пен адамгершілік дарыса, ол ертең өз отбасын да сондай құндылықтар негізінде қалыптастырады. Қазіргі таңда қоғамға тек жаңа заңдар ғана емес, жаңа сана қажет. Әйелге құрмет көрсету, баланы қорғау, отбасының қадірін білу – өркениетті қоғамның басты өлшемі.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ТУРНИР



Теннисшілер тартысы

17-22 тамыз аралығында Алматыдағы Gorky Tennis Park кешенінің топырақ төселген корттарында Roland Garros Junior Series by Renault халықаралық іріктеу турнирі өтеді.

Спорт басқармасының мәліметіне сәйкес, жарысты Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан теннис федерациясы мен Азия теннис федерациясы ұйымдастырады. Турнир Қазақстанда дәстүрлі түрде тамыз айының үшінші жексенбісінде атап өтілетін Спорт күніне орай өткізіледі. Турнирге Орталық және Батыс Азия елдерінен 16 жасқа дейінгі ең үздік 16 жасөспірім ұл мен қыз теннисші қатысады. Іріктеу кезеңінің жеңімпаздары қазан айында Жапонияда өтетін Roland Garros Junior Series финалдық кезеңіне жолдама алады. Дәл осы жарыста Roland Garros 2027 жасөспірімдер турнирінің негізгі кезеңіне берілетін жалғыз жолдама сарапқа салынады.

Биыл Париждің әйгілі топырақ корттарында өнер көрсету мүмкіндігі үшін Қазақстан, Өз-

бекстан, Қырғызстан, Иордания, Иран, Сауд Арабиясы және Түрікменстанның өкілдері бақ сынайды. Қазақстан намысын өз жеріндегі турнирде Родион Трайгель, Диас Төлепбергенов, Бексұлтан Бауыржанов, Иван Бондаренко, Әмина Нұрмахан, Линара Булешева, Алуа Марат және Влада Кузьменко қорғайды.

Айта кеткен жөн, Roland Garros Junior Series – Халықаралық теннис федерациясы (ITF) мен Франция теннис федерациясының (FFT) жасөспірімдер теннисін дамытуға бағытталған халықаралық жобасы. Бұл серия әлемнің түкпір-түкпіріндегі дарынды жас теннисшілерге «Үлкен дулыға» санатына кіретін төрт турнирдің бірі – Францияның ашық чемпионатының жасөспірімдер додасына қатысуға мүмкіндік береді.

АЛМАТЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

«Челсидегі» шешуші қадам...

Алматылық «Қайрат» академиясының Атүлегі Дастан Сәтпаев Англия алпауыттарының бірі – «Челси» сапында жаттығып жүр. Ол маусым айында «Қайрат» сапындағы соңғы ойынын өткізіп, кейін Еуропаға аттанған болатын. 17 жастағы қазақстандық футболшы Лондонға барған соң, әйгілі Кобхэмдегі оқу-жаттығу базасында алдағы маусымға дайындығын бастады. Ал кейінірек клубқа жаңадан тағайындалған бапкер Хаби Алонсо келіп, Сәтпаев өзге командаластарымен бірге тәжірибелі маманның қол астында жаттығуға кірісті.

Кейін клуб Австралия мен Азияда өтетін халықаралық маусым алдындағы турына баратын футболшылардың тізімін жариялады. Оған Коул Палмер, Жоао Педро сынды ойыншылармен бір қатарда қазақ баласының есімі қосылды. Бұл оның клуб базасында өткен жаттығуларда өзін жақсы қырынан танытқанын көрсетеді.

Дастан халықаралық тур аясында 36-нөмерді иеленді. Ол осы нөмірмен австралиялық «Уэстерн Сидней Уондерерс» командасына қарсы матчта алғашқы минуттардан бастап ойынға шықты. Ал небәрі 7-минутында қарсылас қақпасымен жеке-дара шығып, мүмкіндігін мүлт жібермей, гол соқты.

Осылайша Сәтпаев жаңа командасының сапында алғашқы голы соғып қана қоймай, Хаби Алонсо дәуірінде «Челси» атынан есеп ашқан бірінші ойыншы болды. Матчтың екінші жартысында отандасымызды өзге ойыншы алмастырды, ал кездесу 6:4 есебімен аяқталды. Бұл ойыннан кейін спорт пен футбол тақырыбындағы танымал платформалар мен желідегі парақшалар, блогер мен журналистер Дастанға назар аударды. Ал Хаби Алонсо ойыннан кейінгі баспасөз мәслихатында оған жеке-дара тоқталды.

– Мен Дастанды өткен жылдан бері Алматының «Қайратында» ойнаған кезден білемін. Оның ерекше ойыншы екені бірден байқалады. Қарсылас қақпасына үнемі қауіп төндіріп, қорғаныс пен жартылай қорғау арасындағы бос кеңістікті өте жақсы пайдаланады. Шабуылшы-



ның жанында тиімді ойнап, қапталдан орынды ығыса біледі. Бұл – оның Алматыдан көшкеннен кейінгі алғашқы тәжірибесі және біздің клубтағы алғашқы қадамдары. Қазіргі таңда ол өте жақсы әсер қалдырып жатыр. Физикалық тұрғыдан өте мықты әрі өте жылдам. Меніңше, ол сіздерді шынымен таңқалдырады, – деді ол.

Маусым алдындағы тур аясында «Челси» келесі ойындарын «Тотенхэм» және «Ювентус» командаларына қарсы өткізді. Аталған кездесулерде жерлесіміз ойынға қосалқы құрамнан екінші таймда қосылып отырды. Ол аз уақыт ішінде нәтижелі әрекет жасамаса да, командаластарына көмектесуге тырысты. Алдағы уақытта Англияның командасы «Милан», «Джохор-Дарул-Тазим», «Реал Сосьедад» командаларымен кездеседі. Бұл ойындарда Сәтпаев мүмкіндік алып, сәтті ойын көрсетеміз үміттенеміз.

ФУТБОЛ

«Қайрат» қарымта күтеді

«Қайрат» УЕФА Чемпиондар лигасы үшінші іріктеу кезеңінде Болгарияның «Левски» командасымен бірінші кездесуін өткізді.

София қаласында өткен ойын қазақстандық команда үшін оңай болмады. Бұған дейін екі апта ішінде 5 матч өткізген алматылық футболшыларға Болгарияның 27 дүркін чемпионы төтеп берді. Сондықтан «Қайрат» бапкері Рафаэль Уразбахтин бұл кездесуде қорғанысқа көбірек көңіл бөлді. Өткен жылы Чемпиондар лигасының іріктеуі мен негізгі кезеңінде Еуропаның азулы командаларына қарсы ойнап, тәжірибе жинаған футболшылар бапкердің тапсырмасын барынша орындауға тырысты.

Болгариялық команданың қауіпті шабуылдарын бірде Темірлан Анарбеков қайтарса, тағы бір сәтте қорғаушылар жақсы ойнады. Алайда, 90 минут бойы қонақтар қақпасынан сыр таба алмаған «Левски» ойыншылары қосымша уақытта гол соғып кетті. 90+2-минутта Сержио алыстан соққы жасап, өз командасына жеңіс сыйлады. Осылайша «Қайрат» қарсыласына 0:1 есебімен есе жіберді. Ойыннан кейін «Қайрат» бас бапкері Рафаэль Уразбахтин «Левскиге» қарсы өткен бірінші матчқа қатысты пікір білдірді.

– Есеп 0:0 болып тұрып, ойынның соңғы минуттарында гол жіберіп алу – ерекше жағдай. Бірақ ондай болып тұрады. Алда қарымта матч бар. Сонда жағдайды



өзгертуге тырысамыз. Сырт алаңдағы қарсылас жанкүйерлерінің қысымы бізге әсер етті деп ойламаймын. Керісінше, атмосфера өте керемет болды. Түркістанда да жанкүйерлер келіп, бізді қолдайды деп үміттенеміз. Ол жақтағы ойынның қалай өтетінін қазір болжау қиын. Әрине, біз жеңіске және келесі кезеңге шығуға мүмкіндік беретін нәтижеге ұмтыламыз, – деді бапкер.

Енді қарымта ойын 11 тамызда Түркістан қаласындағы «Түркістан-арена» ста-

дионында өтеді. Қазақстандық клуб 14 тамыз күні Орталық стадионда Канье Уэст концертін өткізілуіне байланысты үйреншікті алаңын ауыстыруға мәжбүр болды.

Еске салайық, алматылық клуб еурододаның бірінші және екінші іріктеу кезеңдерінде Черногорияның «Сутьеска» (2:1, 2:0) және Кипрдің «Омония» (1:0, 0:1, пенальтиден 6:5) клубтарын жеңді. Енді «Қайрат» «Левскиден» қарымта қайтарып, жеңіске жетсе, плей-офф кезеңін-

де Грекияның АЕК клубымен кездесуі мүмкін. Бұл ойындар 18-19, 25-26 тамыз күндеріне белгіленген. Ал Түркістанда қарсыласына есе жіберетін болса, Еуропа лигасы плей-офф кезеңіне өтеді. Бұл турнирде олар ПАОК (Грекия) – «Андерлехт» (Бельгия) жұбының жеңімпазымен ойнайды.

Бірнеше ойын уақыты өзгерді

«Қайрат» ФК Қазақстан чемпионаты аясында өз алаңында өтетін алдағы үш матчтың алаңы мен уақыты өзгергенін хабарлады. Бұл өзгеріс Орталық стадионда Канье Уэст концертін өткізілуіне, сондай-ақ нысанда мәдени іс-шарадан кейін жүргізілетін техникалық жұмысқа байланысты қабылданды.

Премьер-лиганың 21-туры аясында 8 тамызға жоспарланған «Қайрат» – «Жеңіс» матчы басқа күнге ауыстырылды. Ал ел біріншілігінің 9-туры аясында 15 тамызға жоспарланған «Қайрат» – «Ұлытау» матчы Т.С.Сегізбаев атындағы «Қайрат» ФК Академиясының алаңында өтеді.

Қазақстан чемпионатының 23-туры аясында 22 тамызға жоспарланған «Қайрат» – «Ертіс» матчы Құрылтай сайлауын өткізуге байланысты басқа күнге ауыстырылған. Ойын өткізілетін жаңа күн туралы қосымша хабарланады.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

«Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503	15503	95503
Жеке жазылушылар үшін:	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
4 айға – 3343,84 теңге.	4 айға – 5727,32 (қала), 4143,84 (ауыл) теңге.	4 айға – 2463,84 теңге.

Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнестің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз! Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: **aqshamnews.kz**

Анықтама үшін телефон: **248-49-55**

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 6 тамыздағы №3/405-1262 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
1) 2024 жылғы 27 маусымдағы №2/225-969 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 85 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

85.	Мұрат Әлия Қайратқызы	20-322-001-065	«Шұғыла» шағынауданы, 1866/3 учаске	жалпы - 6,8068 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,6342
-----	-----------------------	----------------	-------------------------------------	---

»,
реттік нөмірі 99 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

99.	Кульжанова Алма Кузеевна	20-322-001-119	«Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/11 учаске	жалпы - 2,2299 иеліктен шығарылатын ауданы - 1,3058
-----	--------------------------	----------------	---	---

»,
реттік нөмірі 103 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

103.	«Qazaq Sroy Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі	20-322-001-126	«Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/60 учаске	0,0279
------	--	----------------	---	--------

»,
келесі редакциядағы реттік нөмірі 112 жол толықтырылсын:
«

112.	Кульжанова Алма Кузеевна	20-322-009-267	«Шұғыла» шағынауданы, 341 учаске	жалпы - 4,5626 иеліктен шығарылатын ауданы-0,7423
------	--------------------------	----------------	----------------------------------	---

»,
2) 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1034 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірлері 1, 2, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 жолдары алынып тасталсын;
3) 2025 жылғы 30 шілдедегі №4/470-1105 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 17 жол жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

17.	Шакирзянов Евгений Васильевич, Клюева Наталья Юрьевна	20-313-033-313	Вахтангов көшесі, 7, 2 пәтер	жалпы - 0,0833 үлесі - 0,0355
-----	---	----------------	------------------------------	-------------------------------

»,
4) 2025 жылғы 6 қарашадағы №4/675-1248 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 29 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

39.	Рахметова Наргис Талатовна	20-317-095-103	Жангелдин көшесі, 267 үй	жалпы - 0,0640 үлесі - 0,0320
-----	----------------------------	----------------	--------------------------	-------------------------------

»,
келесі редакциядағы реттік нөмірі 52 жол толықтырылсын:
«

52.	Рахметов Талат Разамович	20-317-095-103	Жангелдин көшесі, 267 үй	жалпы - 0,0640 үлесі - 0,0320
-----	--------------------------	----------------	--------------------------	-------------------------------

»,
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 6 тамыздағы №3/405-1263 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 26 наурыздағы №1/1-369 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 26 наурыздағы №1/1-369 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
қосымшадағы:
реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

1	«MyCar Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-007	Кулжа тас жолы, 92	0,5600 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,3040
---	---	----------------	--------------------	---

»,
реттік нөмірі 3 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

3	Козлова Олеся Васильевна	20-315-062-285	Алматы-Қорғас автотрассасы	0,2500 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1876
---	--------------------------	----------------	----------------------------	---

»,
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

ПРОКУРАТУРА

Пробациялық есепке алу және ережелері мен шарттары

Қазіргі таңда құқық бұзушылықтың алдын алу және сотталған азаматтарды қоғамға қайта бейімдеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Осы мақсатта Қазақстанда пробация жүйесі жүзеге асырылады. Құқықтық мемлекетте қылмыстық саясаттың басты мақсаттарының бірі – құқық бұзушылықтың алдын алу және сотталған азаматтардың қоғамға қайта бейімделуіне жағдай жасау. Осы мақсатта елімізде пробация институты тиімді жұмыс істеп келеді. Оның негізгі міндеті – бас бостандығынан айырмай тағайындалған жазалардың орындалуын бақылап қана қоймай, азаматтардың заңға бағынатын өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету.

Пробациялық есепке алу – бұл соттың үкімімен бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаға немесе шартты түрде сотталған адамдарды бақылау және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету мақсатында жүргізілетін есеп.

Негізгі ережелері мен шарттары мыналарды қамтиды:
1. Пробация қызметіне тіркелу – сот белгіленген мерзімде тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне келіп, есепке тұру.
2. Белгіленген уақытта келіп тұру – пробация қызметкері белгіленген күндері міндетті түрде келу.
3. Тұрғылықты жерін немесе жұмыс орнын өзгерткен жағдайда хабарлау – бұл туралы алдын ала немесе қысқа мерзім ішінде пробация қызметіне мәлімдеу.
4. Сот жүктеген міндеттерді орындау (мысалы, белгілі бір орындарға бармау, белгілі бір уақытта үйде болу, т.б.).
5. Құқық бұзушылық жасамау – әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылықтарға жол бермеу.
6. Пробация қызметкерінің заңды талаптарын орындау – бақылау іс-шараларына қатысу және қажетті ақпаратты ұсыну.

Пробациялық есепте тұрған азамматар сот белгілеген талаптарды мүлтіксіз орындауға міндетті. Ең басты шарттардың бірі – пробация қызметіне уақытылы келіп, тіркеуден өту. Шартты түрде сотталған адамдар әдетте пробация қызметіне белгіленген күндері келіп, өздерінің жүріс-тұрысы туралы есеп береді. Бұл талаптардың орындалуы – азаматтың түзелуге деген жауапкершілігінің көрсеткіші. Пробациядағы адамдардың міндеттері туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №38-VI «Пробация туралы» заңнамасында белгіленген. Жоғарыда аталған заң шеңберінде, пробациялық қызмет жұмыс атқарады. Құқықтық мемлекет құрудың маңызды шарты – халықтың заңды білуі және оны құрметтеуі. Әр адамның құқықтық сауаты жоғары болған сайын, заң бұзушылықтардың алдын алу да тиімді жүзеге асады.

Прокуратура пробация саласындағы заңдылықтың сақталуына тұрақты түрде қадағалау жүргізеді. Пробация қызметінің жұмысы заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы, ал пробациядағы адамдардың құқықтары толық қорғалуы қажет. Сонымен қатар, сот жүктеген міндеттерді орындамау немесе құқық бұзушылықтарға жол беру заңда көзделген құқықтық салдарға әкелуі мүмкін.

Егер адам пробация ережелерін бірнеше рет бұзса немесе жазаны өтеуден қасақана жалтарса, пробация қызметі:
– жазбаша ескерту жасай алады;
– сотқа материал жолдап, жазаны қатаңдату немесе бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыруға ауыстыру мәселесін, сот пробация шарттарын қайта қарап, неғұрлым қатаң жаза қолдануы мүмкін.

Пробация ережелерін адал орындау сотталған адамның түзелуге деген ұмтылысын көрсетеді. Ал бұл талаптарды жүйелі түрде бұзу немесе жаңа құқық бұзушылық жасау заңда көзделген құқықтық салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір азамат өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен қарауы қажет. Сонымен қатар, пробация қызметі есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық қолдау көрсетеді. Пробация қызметінің басты мақсаты – азаматтарды жазалау емес, олардың түзелуіне, әлеуметтік ортаға қайта қосылуына және заң талаптарын сақтай отырып өмір сүруіне жағдай жасау. Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, білім алуға, құжаттарын рәсімдеуге, әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ету, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау – олардың қоғамға қайта бейімделуіне бағытталған маңызды жұмыстардың бірі.

Әрбір азамат заң талаптарын құрметтеп, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінгенде ғана қауіпсіз әрі әділетті қоғам қалыптасады.

Заң талаптарын сақтау – әр адамның міндеті екенін ұмытпаған жөн!

С.БАЙКУЛОВА,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлім прокуроры.

«#Заң және Тәртіп»

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Есманов Серікбайға ұлы

Дастан СЕРІКБАЙҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ALMATY AQPARAT

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітказы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.


Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

БҮТІН ҚОҒАМ

бөлінуге жол бермейді



Бұл аптада әлеуметтік желінің табасында әбден шығғырылған, толассыз талқыланған тақырып – Түркістан облысында өткен бір тойда ақжарма тілегін жеткізудің орнына, әйелдерді «ұрғашылар», әншілерді «шайтанның азаншысы», «музыка – харам, шаріғатқа қайшы» деп уағыз айта жөнелген ақсақалдың тосын сөзі.

Бұл бейнежазбаны сол тойда болған белгілі әнші Роза Әлқожа Facebook парақшасында жариялап, мұндай мәлімдемелердің қоғамда алауыздық тудыруы мүмкін екенін айтып, осы жайтқа өңірдегі діни ахуалға жауапты құзырлы органдардың құқықтық баға беруін сұрады. Ал бұл мәселеге жалғыз әнші емес, тұтас қоғам бас көтерді десек, әсірелегеніміз емес. Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Ерлан Қарин бірінші болып үн қатып, Facebook-тегі жазбасында осы уағызға қатысты ұстанымын жариялады. Ол әйелдерді кемсіту, өнер мен мәдениетті дінге қарсы қою және діни көзқарасты өзгеге таңу ұлттық құндылықтарға сай келмейтінін жеткізді.

«Қазақстан – зайырлы мемлекет. Біздің темірқазығымыз – Конституция. Бірінші орында діни шектеулер емес, еліміздің заңдары тұрады. Сол секілді, өнер мен мәдениетті дінге қарсы қою да – асыра сілтеушілік. Мемлекетіміз таңдаған жол бұл емес. Керісінше, еліміз білім мен ғылымға, өнер мен мәдениетке басымдық беріп келеді. Көпшілік алдында адамдарды бұлайша алалау, өз пікірін қасақана тықпалау әдептілікке жатпайды. Біз өзара құрмет пен мәдениетті биік қоямыз. Еліміздің жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыруға ерекше мән беріп отырғаны да сондықтан», – деп жазды Ерлан Қарин. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы да резонансты оқиғаға қатысты пікір білдіріп, ислам дінінің бірлік пен ынтымақты, құрмет пен ізгілікті дәріптейтінін атап өтті.

«Ислам діни даналықпен насихат айтуға, өзгелерді ауыр сөзбен айыптамауға және әр адамның ар-намысына құрметпен қарауға үндейді. Сондықтан діни мәселелерге байланысты өнер өкілдерін жалпылама айыптау немесе оларға ауыр сипаттамалар беру дұрыс емес. Сондай-ақ, аналарымызды, қыз-келіншектерді бейәдеп сөздермен кемсіту де өрескел қателік саналады», – делінген мәлімдемеде. Мұфтият Ислам ғалымдарының дін мен дәстүрдің асыл құндылықтарын насихаттайтын, Отанды қорғауға, ата-ананы құрметтеуге, адамгершілік пен ізгілікке шақыратын әндерге рұқсат берілетіні жөнінде пікірлері бар екенін де жеткізген.

Кеңінен таралған бейнежазбаға ой қосқандардың дені де осындай көзқараста

екені байқалады. «Қазақы болмысымыз қашанда өзара құрметке, әдепке және сыйластыққа негізделген. Той – қуаныш орны. Ал көпшілік алдында адамдарды алалап, өз көзқарасын агрессивті түрде тықпалау – өркениетті қоғамға жат» (Әділхан Жақсыбек), «Қазақ ешқашан өнерді жоққа шығармаған. Керісінше, ән мен күйді, сөз өнерін, әйел-ананың қоғамдағы қадір-қасиетін ұлттық дүниетанымның ажырамас бөлігі ретінде бағалаған. Сондықтан көпшілік алдында адамдарды айыптау, өз көзқарасын абсолютті ақиқат ретінде ұсыну қоғамдық келісім мен өзара құрмет мәдениетіне қызмет етпейді» (Гүлмира Әбішева), «Той – уағыз емес, ақ тілек айтатын орын. Өзгені кемсітіп, өнерді жоққа шығару, ұлттық құндылық та емес, адамгершілік те емес. Сенім де, сөз де мәдениетпен көркем» (Айгүл Құрманбек) деген секілді пікірлер легі әлі де толастар емес.

Ал бұл кезде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі өзгенің қуаныш-тойына келіп тұрып, өзінің жеке көзқарасын тықпалаған ер адамға қатысты қылмыстық іс қозғалғанын хабарлады. Осы орайда тағы бір мәселені тілге тиек ете кетсек. Мейрамхана, тойхана төрінде той тізгінін ұстап жүрген кейбір асабалар кейінгі кезде өзін теріс ағымның өкілі екенін байқатып, көпшілік алдында қауіпті идеясын айтып кеп жіберіп, догматикалық қағидасын біртіндеп сіңіре бергісі келетіндей ме, қалай?! Оған әлеуметтік желіде жүрген кейбір бейнежазбалар куә. Сыналап кіретін идеологиялық экспансияға қазірден сергек болмасақ, кейін қолымызды кеш сермеп қалмайық деген ой біздікі.

Айтпақшы, кеше алматылық бір блогерге діни контент таратқаны үшін айыппұл салынды. Кінәсін мойындаған ер адам бұған дейін сән көрсетілімі кезінде подиумға шыққан кішкентай қыз балалардың мұндай іс-шараларға қатысуын діни тұрғыдан сынға алған болатын. Бұл заң бұзушылықты Алматы қаласының Дін істері жөніндегі басқармасы мониторинг жүргізу барысында анықтады. Басқарма мамандарының айтуынша, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 9-бабына сәйкес діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге де материалдарды таратуға тек заңнамада белгіленген орындарда ғана жол беріледі. Атап айтқанда, мұндай материалдарды ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ орналасқан жерлерін жергілікті атқарушы органдар айқындайтын арнайы стационарлық үй-жайларда таратуға болады. Міне, қай кезде де біздің темірқазығымыз Конституция екенін ұмытпауымыз керек.

Нұржамал ӘЛІШ.

Карикатура: Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

КӨРМЕ



Алматы галереясында «Тұлға. Таным. Тағылым» атты көрме ашылды. Өнердің салтанатты кешінде «XXI ғасырдың көшбасшылары мен құрметті тұлғалары. Бірлескен шығармашылық» жобасы аясында жарық көрген энциклопедиялық көркем жинақ та таныстырылды.

Көрермен назарына жоба авторы журналист Аслан Шымырбаевтың топтамасынан іріктелген ең үздік 100 туынды ұсынылды. 170 беттен тұратын энциклопедиялық көркем жинақта жобаға қатысушылардың өмірі мен шығармашылық жолы, эксклюзивті сұхбаттары, авторлық қолтаңбалары және олардың идеялары негізінде дүниеге келген көркем туындылар құндақталған.

Жобаның шығармашылық ұжымы ЮНЕСКО-ның 64 халықаралық дипло-

мымен марапатталған. Сонымен қатар, жоба аясында дүниеге келген көркем туындылардың бірі ЮНЕСКО-ның ресми күнтізбесіне енген. Бұл жетістіктер жобаның жоғары мәдени әлеуеті мен халықаралық деңгейдегі маңызын айқын көрсетеді.

Жобаның басты ерекшелігі – оның бірегей шығармашылық тұжырымдамасында. Танымал тұлғалар арнайы кенепке өздерінің авторлық идеясын бейнелеп, ішкі жан-дүниесін, өмірлік ұстанымы мен шығармашылық эскизін жасайды. Кейін кәсіби суретшілер осы бастапқы идеяны көркемдік тұрғыдан дамытып, оны толыққанды өнер туындысына айналдырады. Жобаға мемлекет және қоғам қайраткерлері, жазушылар, мәдениет пен өнер саласының өкілдері, спортшылар, ғалымдар және зиялы қауым өкілдері қатысқан.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

QALA-LIVE

Алматылықтар үздік атанды



Биыл алғаш рет халықаралық деңгейде ұйымдастырылған «Үлкен сын-қатерлер» бағдарламасында алматылық жас дарындардың жобалары үздік деп танылды. Жазғы демалысын тиімді өткізген оқушылар байқауға қатысып, өз бақтарын сынады.

Ресей мен Қазақстанның оқушылары «Үлкен сын-қатерлер» бағдарламасы аясындағы жобалар фестивалінде ғылыми жұмыстарын таныстырды. Бір ай бойы қатысушылар «Сириус» білім беру орталығының зертханаларында жетекші ғалымдар мен индустрия өкіл-

дерінің жетекшілігімен нақты ғылыми-технологиялық міндеттерді шешіп, 11 бағыт бойынша 76 жоба әзірледі.

Бағдарламаның қорытындысы ретінде ұйымдастырылған жобалар фестивалінде оқушылар өз еңбектерін сарапшыларға, ғалымдарға және компания өкілдеріне ұсынды. Көптеген жобалар бағдарламадан кейін де өз жалғасын табатын болды.

Бағдарлама барысында қазақстандық оқушылар ресейлік қатысушылармен бірлесіп жұмыс істеді. Бұл екі ел арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайтып, дарынды жастарды қолдау бағытындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтерген маңызды қадам болды.

Рая ЕСКЕНДІР.